Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№195-196
(19873-19874)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

28 желтоқсан /СЕНБІ / 2019 жыл

АЛМАТЫДАҒЫ ҰШАҚ АПАТЫ: ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА ҚАТАҢ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Амал қанша, желтоқсанның 27 жұлдызы жайсыз жаңалықтан басталды. Алматыда әуе кемесі апатқа ұшырады. Таң ертеден әлеуметтік желі арқылы жедел тарап кеткен жайсыз хабар тұтас қазақ елінің қабырғасын қайыстырды.

Кеше «Ақорда» резиденциясында Премьер-Министрдің, Президент Әкімшілігі басшылығының, Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының, Бас прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Ішкі істер, Ақпарат және қоғамдық даму, Денсаулық сақтау министрлерінің қатысуымен Алматы әуежайы маңындағы жолаушылар ұшағының апатына байланысты шұғыл кеңес өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан қаза болған азаматтардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтты. Жиынға қатысушылар қайтыс болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мемлекет басшысы Премьер-Министр Асқар Маминнің, Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетовтің, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың және Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың есептерін тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдіктерімен бірлесіп қаза болған азаматтардың отбасыларына 4 миллион теңге көлемінде материалдық көмек көрсетуді тапсырды. Қайтыс болғандардың жақындарына жан-жақты психологиялық және медициналық қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар зардап шеккендердің барлығына қажетті көмек беріледі.

28 желтоқсанды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаған Президент еліміздегі мемлекеттік туларды төмен түсіруге және барлық ойын-сауық шараларын тоқтатуға тапсырма берді.

Мемлекет басшысы кеңес барысында:

– Ұшақ апатына соқтырған себептерді сапалы әрі объективті түрде тексеруге;

– «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» акционерлік қоғамын білікті мамандармен қамту жұмыстарын толық аяқтау шараларын қабылдауға;

– Қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру үшін барлық әуе компанияларының жұмыстары мен авиациялық инфрақұрылым нысандарын тексеруге тапсырма берді.

Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігіне қозғалған қылмыстық іс аясында ұшақ апатына соқтырған себептерді анықтау, кінәлілерді заңға сәйкес жауапкершілікке тарту, сондай-ақ, Алматы әуежайының аумағына жақын орналасқан жеке құрылыстардың заңдылығын зерттеу жөнінде шара қабылдауды тапсырды.

***

Айта кетейік, оқыс оқиғадан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы маңында жолаушылар ұшағы апатынан қаза болған азаматтардың жақындары мен туыстарына көңіл айтқан болатын.

Президент зардап шеккендерге көмек көрсетілетінін, апаттың себебін анықтау үшін Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен арнайы үкіметтік комиссия құрылғанын атап көрсетті. Сонымен қатар кінәлілер заңға сәйкес қатаң жазаланатынын мәлім етті.

***

Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жолаушылар ұшағының апатқа ұшырауына байланысты көңіл айтты.

«Алматы әуежайынан ұшып шыққан «Bek Air» әуе компаниясы ұшағының апатқа ұшырауы салдарынан қаза тапқандар мен зардап шеккендер жайлы хабарды күйзеліспен қабылдадым.

Қайғыға ортақтаса отырып, қаза болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын. Барлық зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін тілеймін», - делінген жеделхатта.

***

«Fokker 100» ұшақтарын пайдалануға уақытша тыйым салынды.

Алматы қаласы маңында ұшақ апатына байланысты «Fokker 100» ұшақтарын пайдалануға уақытша тыйым салынды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің ресми өкілі Әлібек Әбділов айтты деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«27 желтоқсан сағат 07.22-де «Бек Эйр» әуе компаниясының «Алматы-Нұр-Сұлтан» бағытындағы нөмірі 2100 рейсін орындаған «Fokker 100» ұшағы Талғар ауданындағы тұрғын үй алабына құлады. Аталған ұшақ бетон қоршауды бұзып, 2 қабатты нысанға соғылған. Жедел түрде құтқару жұмыстары басталды. Өрт шыққан жоқ. Жолаушылар мен экипаж мүшелерін эвакуациялау жұмыстары жүргізілді. Ұшақта 95 жолаушы және 5 экипаж мүшесі болған. Алдын ала мәліметтер бойынша қаза болғандар саны қазіргі уақытта 12 адам. ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Премьер-Министр басқаратын комиссия құрылды. Комиссия құрамында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері кірді. Комиссия оқиға орнына ұшып кетті. Оқиғаның мән-жайы анықталғанша бұл типтегі ұшақтардың қолданылуы уақытша тоқтатылды», – деді ол.

Бүгін – жалпыұлттық аза тұту күні

Ұшақ апатының салдарынан адамдардың қазаға ұшырауына байланысты Қазақстан Республикасында жалпыұлттық аза тұту жариялау туралы

Алматы облысының Талғар ауданында жолаушылар ұшағының апат болуы салдарынан адамдардың қазаға ұшырауына байланысты 2019 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасында жалпыұлттық аза тұту жариялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда.

«МЕЙІРІМДІЛІК ШАПАҒАТЫ»: БІР АДАМ ЖАҚҚАН ОТҚА МЫҢ АДАМ ЖЫЛЫНАДЫ

Адами қасиеттердің ең қадірлісі – қайырымдылық. Ал оны жасау ұлкенін сыйлаған, қариясын қастерлеген, жетімін жылатпаған қазақ халқына тән қасиет екеніне ешкімнің таласы жоқ.

Кеше «Азаматтық Альянс» қауымдастығы және «Qyzylorda» телеарнасының ұйымдастыруымен тікелей эфирде «Мейірімділік шапағаты» қайырымдылық телемарафоны өтті. Оған облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов, Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, басқарма басшылары және "Nur Otan" партиясы облыстық филиалының, этно-мәдени бірлестіктер мен ҮЕҰ мүшелері қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
Дәулет ҚЫРДАН.

Шара Алматы маңында ұшақ апатынан орын алған қайғылы оқиғадан қаза тапқандарды 1 минут үнсіздікпен еске алудан басталды. Мұнан соң аймақ басшысы сөз алып, қайырымдылық шарасының маңызына тоқталды.

– Құлағанның қолтығынан демеп, сүрінгенге сүйеніш болу – халқымыздың қанына біткен асыл қасиеттердің бірі. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адамзат баласы жақсылыққа қадам бастайды. Адамның бірі – жылы сөзге, бірі – мейірімге мұқтаж болса, енді бірі – өзгелердің көмегіне зәру. Бір ай бойы «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы, «Азаматтық Альянс» қауымдастығы «Мейірімділік шапағаты» қайырымдылық шарасының өтуіне ұйытқы болуда. Бұл Сыр азаматтарының ынтымағы мен ауызбірлігін, ақ жүрегі мен дархан көңілін көрсетсе керек, – деді облыс әкімі.

Мейірімділік – ізгіліктің жолы. Риясыз жасалған жақсылық – биік адамгершіліктің белгісі. Бүгінгі шара аясында жомарт жүрек азаматтардың тікелей қолдауымен қала бойынша әлеуметтік жағынан аз қамтылған, асыраушысынан айырылған, қарттар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы, мүгедек және тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік түрінде көмек көрсетілді. Осы шара барысында облыстың мемлекеттік қызметкерлері мен жекелеген азаматтар өздерінің бір күндік жалақысын аударып, 4 млн теңгеден аса қаржылай көмек берді.

– 2013 жылдан бері көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, әсіресе, ауылдық жерден шыққан талапты балаларды оқытуға облыс әкімінің арнайы грантын тағайындап келеміз, бүгінгі күні мыңнан аса мектеп түлегі грант иегері атанды. Апатты жағдайдағы үйлер мен жатақханаларда тұрып келген отбасыларды жаңадан салған үйлерге қоныстандыру үрдісімізге айналды. Қызылорда облысы әлеуметтік салаға қаржы бөлуден аймақтар арасында көш бастап тұр, – деді облыс басшысы.

Өңірде мұқтаж адамдарға қолдау көрсету шараларын күшейту мақсатында жыл басында көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қосымша қолдау шараларын ұсыну үшін «2019-2021 жылдарға арналған өңірлік әлеуметтік жол картасы» қабылданды. Жол картасы аясында табысты арттыру және халықтың аз қамтылған топтарын қолдау, табысы төмен азаматтардың баспана мәселесін шешу және білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жақсарту, сондай-ақ, өңірлерді кешенді дамыту бағытындағы ауқымды іс-шаралар көзделіп, 42 млрд теңге бюджеттен бөлінген. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері ұлғайтылып, барлығы 31 мыңнан астам отбасыға 20 млрд теңгеге жуық жәрдем көрсетілді.

«Мейірімділік шапағаты» телемарафоны «Qyzylorda» телеарнасында да өтті. Телеарна арқылы көрерменге тікелей эфирде өткен шараға аймақтағы түрлі мекемелер мен кәсіпорын өкілдері қатысып, қолдарынан келген көмегін аянып қалмады.

– Бұл шараға қаншама қатысушы қол ұшын созып жатыр. Бүгін мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетті. Шиелі ауданында да осындай игі іс жасалды. Барлық аудандар қамтылады деген ойдамыз, – дейді облыстық «Азаматтық Альянс» қауымдастығының жетекшісі Сапура Әбдірахимова.

«Сыр мейірімі» әлеуметтік-қоғамдық қоры қолға алған бастама біраз жанға қозғау салды. Көпшілік мұқтаж жандарға азық-түліктей, қаржылай қолдау көрсетуде. Белсенділік танытқан мекемелер қатарында «Абай-Дәулет» серіктестігі, «Best-Сервис ЛТД» ЖШС, «Қазақстан Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» облыстық филиалы бар. Сондай-ақ, «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алмагүл Божанова, ардагерлер Р.Көзденова, А.Жұмабаев, Ә.Әмірғалиев, Г.Әбубәкірқызы телеарна арқылы тікелей эфирде қайырымдылық турасында сұхбат өрбітті. Мемлекет және қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір де шараға қатысып, өз пікірін білдірді.

– Бір-бірімізді қолдайтын, демеу көрсететін жағдайымыз бар. Ал қайырымдылық дегеніміз қазақтың табиғатында бар ұғым: ол қазақтың жанында бар, жүрегінде бар, дәстүрінде бар. Сондықтан атадан балаға мирас болып қалған осы ұлы дәстүрді жалғап, бірлігімізді көрсететінімізге сенімім кәміл, – деді Ә.Бәкір.

Бүгінде республикада осы бағытта «Ел үлесі – пәтерге» жобасы жүзеге асып келеді. Нәтижесінде жүздеген жан жаңа пәтерге қол жеткізді. Телемарафонға қатысқан «Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаевтың айтуынша, бұл бастамаға Сыр халқы да белсенді атсалысуда.

– Акция аясында жыл басынан 117 баспана мұқтаж жандарға табысталса, оның ішінде 16 отбасы – қызылордалық. Тек облыс орталығын ғана емес, аудандарды да, елді мекендерді де қамтыдық. Жерлестеріміз игі істерден шет қалып жатқан жоқ әрі азық-түлік табыстаумен шектелмеді. Бізді осы қуантады, – дейді Қ.Отызбаев.

Айта кетейік, мұқтаж жанға мейірім мен шапағат сыйлаған шуақты шара 29 желтоқсанға дейін жалғасатын болады.

Кемшілікті түзеп, олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік беретін Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері жылды қорытындылады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

ӘДЕП КЕҢЕСІ ӘДІЛДІКТІ ҮНДЕЙДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Нұрман Талқанбаевтың төрағалығымен өткен отырыста бірнеше мәселе қаралды. Бірінші кезекте БАҚ-та және әлеуметтік желілерде тұрақты жүргізілетін мониторинг жұмыстары ортаға салынды. Мәселен, осындай бақылау барысында «Фейсбук» желісінің пайдаланушысы жеке парақшасында Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына қатысты сыни бағыттағы жарияланым қалдырып, видеожазба орналастырғаны анықталған. Кеңес мүшелері тәртіптік істі жан-жақты талқылап, аудан әкімінің орынбасарына әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды.

Мұнан соң жеке және заңды тұлғаларды жергілікті жерлерде қабылдау кестесі бекітілді. Мәліметке сүйенсек, биыл өткізілген қабылдауларға 300-ден астам тұрғын жүгініп, қажетті кеңеске қол жеткізген. Оның 244-і аудандарда өткізілген көшпелі қабылдауларда болған. Бұл ретте Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Берікбол Байхожаев шара алдағы уақытта да жалғасатынын хабарлады. 2020 жылға жоспарда мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмыс нәтижесі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысына және өзге де мәселелерге қатысты 20-дан астам отырыс өткізілетінін айтты. Мұнан өзге атқарылған істерге де тоқталып өтті.

– Мемлекеттік қызмет жауапсыздықты көтермейді. Бұл мәселе қатаң бақылауда. Биыл тәртіптік істерді қарау нәтижелерімен Әдеп жөніндегі кеңес 19 мемлекеттік қызметшіге әртүрлі тәртіптік жаза қолдануға шешім шығарды. Оның ішінде Әдеп кодексі талаптарын сақтамауға, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол беруге және қызметіне толық сәйкес емес болуына қатысты ескертулер берілді. Осындай шаралардан кейін әрбір мемлекеттік қызметші заңнан айналып өтпесе, табалдырықты әдеппен аттамай, төрге озу жоқтығын ұмытпаса дейміз, – деді Берікбол Байхожаев.

Шара соңында кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшінің аса жауапты болу керектігін және оның мәртебесін арттыруда келелі мәселе екенін тағы бір пысықтай түсті.

№195-196 (19873-19874) 28 желтоқсан, сенбі 2019 жыл

Келер күннің игілігі көп

Бейсенбіде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Арал, Қазалы аудандарына жұмыс сапарымен барып, бірқатар нысандардың ашылу рәсіміне қатысты. Теңіз төскейіндегі ауданда «Aral» қонақ үйі ашылса, Әйтеке би кентінде 18 пәтерлік 6 көпқабатты тұрғын үйдің кілті табысталды. Көптен күткен «Әлсейіт» көпірі ел игілігіне берілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Толыққанды қайта жаңғыртудан өткен төрт жұлдызды «Aral» қонақ үйі енді аудандағы туризм саласына серпін қосады. Әдемілік пен жайлылық орнаған, қазіргі стандартқа сай ғимаратқа «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 540 млн теңге жұмсалған.

Аймақ басшысы нысанның ашылу рәсімінде облыс бойынша барлық саланың дамуында динамика бар екенін баса айтты.

– Аймағымызда құрылыс жұмыстары жылдан-жылға қарқынды дамып, кәсіпкерлер халықтың қажеттілігін қамтамасыз ететін орындарды көптеп ашып, соның нәтижесінде жаңа жұмыс орындары да құрылуда. 2018-2020 жылдар өңірімізде жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы болып жарияланғаны белгілі. Соның екі жылында шағын және орта бизнес өкілдері көптеген ғимарат салып, жаңа жұмыс орындарын ашып, облыстың көркеюіне үлес қосып келеді. Сондай игі істердің бірі – күрделі жөндеуден өткен, заманауи үлгідегі «Aral» қонақ үйі пайдалануға беріліп отыр. Қала тұрғындары мен қонақтарына сапалы қызмет көрсетуді мақсат етіп, қолайлы әрі жайлы жағдай жасалған мұндай нысандарды көбейтудің маңызы зор, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, шарада ҚР Мәдениет қайраткері, ардагер-журналист, Арал ауданының Құрметті азаматы Шәкірат Дәрмағанбетов әлеуметтік нысандар саны артқанын атап өтіп, қонақ үй жұмысына табыс тіледі.

Бұл ғимаратта 33 жатын бөлме, мәжіліс зал, шағын кездесу бөлмесі, кафеден бөлек, талғампаз қонақтар үшін люкс, де-люкс номерлер қарастырылған. Ерекшелігі, балалар үшін бассейн орнатылып, арнайы жүзуді үйрететін мамандар жұмыс істейді. Жалпы қонақ үйде жергілікті 40 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Облыс әкімі мұнан кейін аудандық оқушылар үйінің жұмысымен танысты. Орталық бұған дейін 1940 жылы салынған ескі ғимаратта жұмыс істеп келген. Ал, жаңа нысан 250 адамға лайықталған.

Сапар одан әрі наурыз айында ашылған тұрмыстық техника сататын «Sulpak» дүкенінде жалғасты. Бұрын тұрғындар көлеміне қарамастан, үйге керек техниканы облыс орталығынан артынып-тартынып тасып жүретін. Жаңа дүкен сол қиындықтан құтқарды. Сауда орталығы қазір 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Облыс әкімі өңір экономикасын дамытуға үлес қосқысы келетін барлық кәсіпкерлерге жергілікті билік тарапынан қолдау көрсетілетінін айтты.

Аймақ басшысы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойындағы «С» және «Д» санатты жол бойы сервистік қызмет көрсету кешеніне де арнайы барды. Жеке кәсіпкер қаражатына салынған бұл кешеннің құрылыс жұмыстары наурыз айында басталған. Жобаға сәйкес қазір май құю бекеті, қонақ үй, сауда дүкенінің құрылыстары жүргізілуде.

Жұмыс сапары Қазалы ауданында жалғасып, облыс әкімі алдымен Әйтеке би кентіндегі жаңадан салынған 18 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үй кілтін тапсыру салтанатына қатысты. 5-квартал аймағында бой көтерген жаңа үйлер «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған. Бұл жерде теміржол ауруханасы, «Керуен» көлік, сауда-логистикалық орталығы, жаңа балабақша орналасқандығын ескерсек, осы аумақ пен үй тұрғындар үшін тіпті тиімді. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйлерді халыққа беруде негізінен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік осал топ және көпбалалы отбасыларға басымдық берілген.

Аймақ басшысы осы ретте құрылыс саласындағы жұмыстардың қарқынды екенін атап өтті.

– Тұрғындар игілігі үшін әлеуметтік, мәдени ошақтар, мектеп, балабақша, аурухана, емхана, тұрмыстық қызмет көрсету, қабылдау орындары, спорттық ғимараттар, балалар алаңдары салынуда. Бұл күн өткен сайын ел тұрмысының түзеліп, әл-ауқатының артқандығын көрсетеді. Десек те, аймақта мемлекеттік бағдарлама аясында тұрғын үйге сұраныс жыл сайын еселеп өсуде. Бұл – өңір халқы санының көбейіп келе жатқанының белгісі. Халық сұранысын қанағаттандыру мақсатында облыс орталығында ғана емес, аудандарда да тұрғын үй құрылысы көптеп жүргізілуде. Бүгін, міне, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қазалыда тұрғын үйлер пайдалануға берілуде, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы «Алтын алқа» иегері Ұлтуған Дәулетованың отбасында қонақ болып, теледидар тарту етті. Бұл күні басты қажеттілік – баспанаға қол жеткізгендердің қатарында көпбалалы ана Гүлсінай Жалғасбаева да бар. «Үш бөлмелі жаңа үйге ертең-ақ көшіп келеміз» деп, қуанышын жасыра алмай, мәре-сәре болған ана отағасының жалдамалы жұмыскер екенін айтты. Тышқан жылын осы қоныста қарсы алатын тұрғындар бұл жаңалықты үлкен жақсылыққа балағанын байқадық. Айта кету керек, көпқабатты үйлерде барлығы 108 пәтер бар. Ал, бас мердігерлері – «Асар» ЖШС, «РЗА» АҚ, «Бекнұр-Тараз» ЖШС.

Бұл күнгі ең басты жаңалықтың бірі Сырдария өзені арқылы өтетін «Әлсейіт» учаскесіндегі темірбетон көпірінің қолданысқа берілуі болды. Енді күзгі және көктемгі су тасқыны, абыржының кезінде әбігерге түсетін елдің алаң көңілі басылды. Бұл – ауыл тұрғындарын аудан орталығымен байланыстыратын ең төте жол. Қалқымалы көпір бұзылса, күнделікті тірліктің тоқтаусыз көрінісі бұзылып, тұрғындар өзеннің келесі жағалауына «Қарлаң» өткелі арқылы немесе бірнеше ауылды айналып жететін. Тіпті, қыста демалысқа келетін студенттердің басқа емес, бірінші «Әлсейіттің» жағдайын сұрайтыны да қалыпты әдет. Сондықтан, көпірдің ел игілігіне берілуі көңілдерді қуантып, қозғалысты және жүк тасымалын жеңілдетті. Иә, бұл – Қазалының 7, Арал ауданының 6 ауылындағы 14 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсететін маңызды өткел.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов шарада нысанның ел игілігі үшін салынғанын атап өтті.

– Дана халқымыз ежелден шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған және жолға ағаш егу ең үлкен сауапты іс екенін айтады. Сыр бойында көпір құрылысы өткен ғасырларда да болды. Қараөзек тұсында «Сауранбай көпірі», Жосалы кентінде «Қармақшы өткелі», Қызылорда қаласына қарасты Абай ауылынан жоғары «Оспан көпірі», Қазалыдағы «Нұрқожа көпірі» – ел жадында қалған тарихи жәдігерлер. Бүгінде біз атабабамыздың көпір салу дәстүрін заманауи үлгіде жаңғыртып, дамытып келеміз. Соның бір дәлелі ретінде Сырдарияның қос жағалауын байланыстырып, жаңа қаланың құрылысына жол ашқан зәулім көпірді айтуға болады. Міне, енді халық көптен күткен «Әлсейіт» өткеліндегі көпірдің игілігін де көретін боламыз, – деді аймақ басшысы.

«Әлсейіт» учаскесінде Сырдария өзені арқылы өтетін темірбетон көпірі 2 жолақтан тұрады. Жалпы ұзындығы – 219, ені – 12 метр. Көпірдің екі жағынан жаяу жүргіншілер жолы қарастырылған. Жалпы құны 2791,3 млн теңге болатын көпірдің бас мердігері – «КА-Строй ЛТД» ЖШС.

Айта кетейік, қыстың ызғарына қарамастан, жиналған халықтың қарасы қалың болды. Жаңа көпір үстінен алғашқы көліктер шеруі өтіп, «Әлсейіттің» маңы ду-думанға айналды.

Мұнан кейін аймақ басшысы Қазалы аудандық мекемелер үйі ғимаратының құрылысымен танысты. 3 блоктан тұратын мекемелер үйінде аудан әкімдігі мен мәслихат аппараты, 9 дербес бөлім орналасатын болады. Айта кету керек, нысанда облыстағы алдыңғы қатарлы, көлемі ауқымды «Open space» форматындағы кеңсе ашылмақ.

Осылайша, бұл күні ел тілегі ескеріліп, болашақ үшін аса маңызды нысандар қолданысқа берілді. Иә, келер күннің қуанышы көп болғалы тұр.

«Жастар жылы» несімен есте қалды?

Әне-міне дегенше «Жастар жылы» да қорытындыланды. 2020 жыл – еріктілер жылы. Дайындық қалай, алдағы жоспар қайсы?

Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың төрағалығымен өткен басқосуда осы мәселелер талқыланып, мемлекеттің қозғаушы күші саналатын жастарға қолдау толастамайтыны айтылды. 2021 жылға дейін белгіленген арнайы «Жол картасында» жастардың жұмысқа орналасуы, тұрғын үй, білім беру, бос уақытты тиімді пайдалануына қатысты мәселелері қарастырылған.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Кейінгі толқынды ерекше қолдаудың бір көрінісі өтіп бара жатқан – «Жастар жылы». Елбасы осы игілікті іске бастамашы болды. 6 жыл көлемінде облысты басқарған Қырымбек Елеуұлының да осы саланы дамытудағы еңбегі ерекше. Жастар саясатында үлкен серпін бар. Биыл облыс бойынша 500-ге жуық жас кәсіпкерлік негіздерін оқыса, 22 мыңы түрлі бағдарламалардың игілігін көрді. Олардың қатарында «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламалары бар. Ауыл жастарына арналған «Дипломмен – ауылға!» жобасы да жемісін беруде. Аймақта NEET санатындағы жастар санының төмендегені қуантады. Оған еңбек ресурстары балансының жыл сайын жаңаруы, «Облыс бойынша NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарының», «Облыс бойынша мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі Жол картасының» іске асырылуы ықпал етті. Ең бастысы, «Жастар жылында» сіздерге арналған орталық есігін ашты. Мұндай қолдау алдағы уақытта да жалғасады, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары түрлі салада жастардың жетістіктерін жіктеп, қол жеткізген табыстарына тоқталды.

– Спорттағы серпіліс ерекше. «Қайсардың» 20 жылдан кейін Қазақстан кубогы финалына шығуы Сырдың мерейін тасытты. Мәнерлеп сырғанаудың үздігі Элизабет Тұрсынбаева, Қамшыбек Қоңқабаев пен Тұрсынбай Құлахмет секілді боксшылардың, палуан Нұрым Сәлімгереевтің жүлдегер атануы – үлкен мәртебе. Білім, мәдениет саласында да жетістік көп. Қазір тұрмыстық қажеттілік жылдам әрі адам күшінсіз өтелетін дәурен, әлемді алақанға сыйдырған технологияның өріс алуы мен IT саласының қарқын алуы да жастарға ой салуда. Нәтиже жаман емес. Алдағы уақытта сіздердің мұнан да жоғары белестерден көрінетіндеріңізге сенеміз, – деп толықтырды сөзін Наурызбай Сейітқалиұлы.

Оған қоса жиында алдағы «Еріктілер жылына» дайындық тағы бір пысықталып, жаңа жобаларға дем берілетіні айтылды. Талапты да талантты жастардың басын қосқан бұл жолғы шара ерекше форматта ұйымдастырылды. Жастар еркін пікір алмасты, идеяларымен бөлісті. Рухани тың жобалары арқылы елге жаңалық әкелуді ойлайтынын, жеті жұрттың тілін білген олар әдебиет пен мәдениетке, тәл тарихты терең тануға ұмтылыс жасайтынын көрсетті. Шара қорытындысында белсенді, еңбегімен ерекшеленген жастар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Өнерпаздар әннен шашу шашып, салтанат сәнін келтірді.

Сексен жылдық белес

Облыстық перинаталдық орталыққа – 80 жыл. Осыған орай орталық базасында «Ана мен бала саулығы – ұлт болашағының кепілі» тақырыбында шара өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, Нұр-Сұлтан қаласы Ұлттық ана мен бала орталығының профессоры Тамара Чувакова, осы орталықтың балалар жансақтау бөлімінің меңгерушісі Ботакөз Әбентаева, Алматы қаласы Қазақ үздіксіз білім беру университеті неонатология кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Жұбанышева және басқа бірқатар меймандар қатысты. Алдымен медицина саласының ардагері София Мақашеваға арналған бұрыш және ана мен бала саулығын қорғауға ерекше үлес қосқан ардагерлер фотогалереясымен танысу ұсынылды. Сонымен бірге акушерлік-гинекология тарихына арналған мұражайда болған қатысушылар мәжіліс залында бас қосты.

– Әлемде қанша мамандық болса, олардың әрбірінің маңызы зор. Әйтсе де, адам жанының арашашысы болған ақ халатты абзал жандардың, оның ішінде ана мен бала саулығын қорғаушы медицина қызметкерлерінің орны ерекше. Ана мен бала саулығы – ұлт болашағы. Осы орайда облыстық перинаталдық орталықтың қызметі үлкен құндылық, аса зор жауапкершілік пен өмір жалғастығына дәнекер екенін жақсы білеміз, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Шарада бірқатар сала үздіктері мен меймандарға облыстың Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ері» медалі, «Денсаулық сақтау саласының үздігі», «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгілері мен «Перинаталдық орталыққа -80 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Айта кету керек, 1927 жылы Қызылорда қаласы ел астанасы болған тұста өлкелік аурухана ашылып, онда акушерлік-гинекологиялық бөлімше жұмыс істеген. 1939 жылы ана мен бала денсаулығына ерекше көңіл бөлініп, облыста алғаш рет 15 төсектік перзентхана ашылған. Оның алғашқы бас дәрігері акушер-гинекологиялық саланың негізін қалаушы, Ленинград қаласынан келген Мария Егорова болды. Ол 30 жыл басқарған. Онан соң 1962 жылы 75 төсектік перзентхана ашылып, онда 5 гинеколог, 15 акушер жұмыс істеген. 1964-1983 жылдары медициналық мекемені Халима Наурызбаева басқарған. Онан кейін 1970 жылы қазіргі «Южный» шағын ауданындағы 150 төсектік 4 қабатты ғимаратқа көшірілді. Осы уақытта 7 акушер-гинеколог, 2 неонатолог, 12 акушер босанушы әйелдермен қатар тәулігіне 250 ананың денсаулығын бақылап отырды. 1983-1987 жылдары перзентхананы Венера Ізтілеуова, 1987-1995 жылдары Алмас Әлдешов, 1995-2003 жылдары Бибіажар Қалымбетова басқарды.

2014 жылы 200 төсекке арналған «Ана мен бала орталығы» ашылып, оған Ләйлә Құлтаева жетекшілік етті. Ал 2016 жылы облыстық және қалалық перзентхана біріктіріліп, 350 төсекке арналған жүкті және босанған әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге көмек көрсететін мекеме болып қайта құрылды. Жылына 11 мың нәресте өмірге келетін озық үлгідегі орталықта 129 дәрігер, 367 орта буын қызметкер еңбек етеді.

Осы шарада, сондай-ақ, жас мамандарды дәрігерлер қатарына қабылдау рәсімі өтіп, 8 дәрігерге арнайы сертификат табысталды. Сонымен бірге перзентхана тарихы мен сала мамандарына арналған «Шаттық ұясы» кітабының тұсауы кесілді.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Сапалық өзгеріске қоғамда дайындық бар

Осы депутаттық сауал арқылы ел мен ұлт болашағы үшін стратегиялық маңызды болып табылатын мемлекеттің тіл саясатына қатысты қордаланған өзекті мәселелерге Үкіметтің назарын аударғанды жөн деп білдік.

Осы арада Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – өзге тілдердің жолын кесіп, олардың мәртебесін төмендету емес, кезінде зорлықпен тұншықтырылған Қазақстан халқының мемлекеттік тілін одан әрі бекемдеу. Ана тілін өлмес тілге, мәңгілік тілге айналдыру мәселесі Ұлы даланың иесі де, киесі де болып келе жатқан халқымыз бен оның зиялы қауымын толғандырып отырғандығы да бар.

Жер бетінде біз ғана көпұлтты мемлекет емеспіз ғой! Әлемдегі көптеген мемлекеттердің біразы көпұлттылық, көптілділіктен бізді орта жолда қалдыра да алады. Мысалы, Иран мемлекетінде Парсы ұлтының саны ел халқының 54%-ін құрайды, қалғаны өзге ұлттардың өкілдері. Мемлекеттік тілі – парсы тілі! Малайзияда малайлықтар 65%, қалғандары басқа ұлттар, мемлекеттік тілі – малай тілі! Латвияда 60% латыштар, қалған 40% өзге ұлттардың өкілдері, мемлекеттік тіл – латыш тілі! Сонымен бірге, Грузия, Армения, Әзербайжан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы да Кеңес өкіметі кезінде қабылданған заңдарын өзгертіп, өз мемлекеттік тілдеріне басымдық беріп отыр. Балтық жағалауы елдері тәуелсіздік алғалы «Мемлекеттік тіл туралы» заңдарына үш рет өзгеріс енгізді.

Ал Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы негізінен Кеңес өкіметі кезінде қабылданған қос тілді қолдануды толық сақтауға қызмет етіп келетіні ешкімге жаңалық емес. Ал бұл жағдай елдегі әлдеқашан өзгерген тілдік жағдаятқа толық жауап бермейді. Қазіргі уақытта қоғам да, адами құндылықтар да өзгерді, ой мен сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар да жаңаруда. Дүниеге құлдық ой-санадан мүлдем ада, еркін әрі ұлттық рухы басым, отаншыл жаңа ұрпақ келіп жатыр. Және де бүгінгі қалыптасқан демографиялық, миграциялық үдерістер жағдайын, ұлттық сана-сезімнің өсуін ескерсек, алдағы уақытта ендігі ұрпақ өз Ана тілінің мемлекеттік қолданыс аясын тез арада кеңейтуді талап ете түсетін болады. Бұл – заңдылық!

Осы бір жағдайды айта отырып, мемлекеттік тілдің заңнамалық нормативтік базасын жаңартатын уақыт жеткенін алға тартамыз.

Мемлекетте өзінің мемлекеттік тіліне деген жанашырлық пен мұқтаждық болмайынша, тілге деген бетбұрыс болмайды. Сондықтан да, мемлекеттік тілді білу және оны қолдану Қазақстан азаматтары үшін міндет болуы тиіс! мемлекеттік тілді білу «парыз» емес, «міндет» деп көрсетіле отырып, енді инструменталды (нақты) заңдарға көшу керек, яғни тілге байланысты талаптар заңдарда егжей-тегжей толық жазылып, регламенттелуі керек. Мысалға, мемлекеттік тілді білу Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін міндетті, бірақ әр сала үшін оның деңгейлері әртүрлі болуын (мысалы, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді В1-В2 деңгейде, жекеменшік бизнес иелері, сол сияқты уақытша тұру құқығын алғысы келген мигранттар үшін А1-А2 деңгейінде білуі қажет) міндеттейтін нормативтік база жасау қажет деп есептейміз. Сонымен қатар, орта білім беру жүйесінде шет тілдерді оқытуды бастауыш мектептің соңында (3-5 сыныптан) бастау, қазақ тілінің интернет кеңістігіндегі контентін көбейту, сапасын арттыру жұмыстарына, соның ішінде Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауға қаражат бөлу, дипломатиялық қатынастың барлық түрінде мемлекеттік тілге тиісті құрмет көрсетілуін қамтамасыз ету, Тіл туралы заңның 23-бабында көрсетіліп, орындалмай отырған «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесін» жасау қажет.

Осы жағдайда ғана тіл саясатындағы әсірекеңшілдік жойылып, оның орнына мемлекеттік тілді үйреніп, білуге деген ынта шынайы түрде арта түсер еді және мемлекеттік тілге деген қажеттіліктің нақты заңнамалық негізі қаланатын болады. Бұл сапалық өзгеріске қоғамда дайындық бар деп санаймыз.

Сондықтан да, ендігі арада Үкімет мемлекеттік тіл саясатын жүргізуде нақтылы іске көшу керек деп есептейміз. Бұл орайда мемлекеттік тіл мәселесі төңірегінде ұзақ жылдардан бері жинақталып, қордаланып қалған түрлі пікірлерді парасат-пайыммен сараптап, бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізде қазақ тілін еркін меңгеруге жағдай жасайтын құқықтық негіз қалауымыз керек. Мемлекеттік тілді кеңінен дамытатын да, оның қолданыс аясын кеңейтетін де бұдан өзге өркениетті жол жоқ.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты.

Сайлаушылар сеніміне сергек болу парыз

Еліміздегі мәслихат депутаттары қоғамның дамуына үн қосып, аймақтардағы тың мәселелердің шешілуіне тікелей атсалысып келеді. Олар өз өкілеттіліктеріне, білімі мен кәсіби дағдыларына сәйкес қоғамды одан әрі демократияландыруға, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға, түрлі реформалар мен бағдарламалардың жемісті жүзеге асуына жұмыс жасауда. Олардың қатарында Райхан Ысқақова да бар. Оның әр күні, әр минуты есептеулі: жиналыстар, мәслихат сессиялары, тұрғындармен кездесулер, комиссия отырыстары. Осыған қарамастан барлығына үлгіруге тырысады. Ал облыстық мәслихат депутатының сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі тіпті жоғары. Ол – № 26 «Бекежанов» сайлау округі бойынша сайланған.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Соңғы жылдары мемлекет индустриалды аймақтарды дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл аймақтардың экономикалық өсуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, тұрғын үй құрылысының дамуына, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етеді. Мұндағы мақсат – адамдарға түрлі қызметтер саласында нақты пайда әкелетін инвестициялар тарту, агроөнеркәсіп кешенінің кірісін арттыру, шағын және орта бизнестің дамуын қамтамасыз ететін жобаларды әзірлеу және іске асыру. Осы тұрғыда өзім сайланған Шиелі ауданында халықтың әл-ауқатын көтеруге жұмыс жасап келемін, – дейді Райхан Құсайынқызы.

Алматы халық шаруашылық институтын бітірген ол еңбек жолын облыстық қаржы басқармасында бюджеттік бөлімнің аға ревизор-инспекторы, онан жоғарылап, басқарма бастығының орынбасарлығына дейін көтерілді. 2005 жылдан бастап облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды. Бюджетті жоспарлау, мақсатты пайдалану, сондай-ақ, республикалық бюджеттен трансферттер қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізді. Бірнеше рет бюджеттік заң жобаларын қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болды. Осындай ауқымды жұмыстардың басы-қасында жүргендіктен болар, Р.Ысқақова облыстық мәслихаттың экономика, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болып сайланды. Сонымен бірге «Nur Otan» партиясының мүшесі болып, онда мемлекеттік қызметтер жөніндегі комиссияны басқарды.

Қазіргі таңда ақпараттық-насихаттық топтардың құрамында жүріп, негізгі бағдарламалық құжаттарды түсіндіруде халықпен кездесулерге белсенді қатысып келеді. Халық қалаулысы аудандарға жиі барып, тұрғындардың ұсыныстары мен тілектерін тыңдауды, оларға көмек беруді әдетке айналдырған. Алдына келген әрбір азаматтың өтінішін орындауға, түйткілді мәселенің шешімін табуда күш-жігерін аянып қалған емес.

Азаматтарға қабылдау өткізгенде тұрғындар тарапынан жолдарды жөндеу, сумен жабдықтау, газдандыру, санитария, сауда ережелері, абаттандыру және көгалдандыру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және тағы басқа мәселелер жиі көтерілетін көрінеді. Жұмыс орнында да кезектен тыс азаматтарды қабылдап, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше орындалуына дәнекер болып отыр.

– Халыққа жақын болу, олардың қажеттіліктерін сезіну және келелі мәселелерді жергілікті атқарушы органдар өкілдеріне жеткізу – депутаттың басты ұстанымы. Менің түсінігімде депутат саналы, әділ, адал, жауапты болуы керек. Негізгі жұмыс пен депутаттық міндеттерді үйлестіру үшін көп күш-жігер қажет. Депутат болу – абырой ғана емес, бұл сайлаушылар алдындағы үлкен жауапкершілік, – дейді ол.

Айта кетейік, Р.Ысқақова көп жылдық адал еңбегінің арқасында құрметке де ие болып келеді. ҚР Қаржы министрлігінің «Қаржы саласының үздігі», ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен және ҚР Премьер-министрі, Парламент Сенаты төрағасының алғыс хаттарымен марапатталған.

Үздіктер марапатталды

Облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен білім саласының үздіктерін марапаттауға арналған «Жыл таңдауы-2019» атты шарасы өтті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Сол жағалаудағы зәулім ғимарат «Болашақ» университетінде үздік мұғалімдердің есімі аталып, марапатталды. Мерекелік шараға қатысқан «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі, экономика ғылымдарының докторы, ҚР ұлттық академиясының академигі, профессор Б.Досманбетов ұстаздарды құттықтап, арнайы номинацияларды тапсырды.

Ұрпақ тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп жүрген білікті ұстаздарды облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Райкүл Байназарова марапаттады. Сондай-ақ, шарада ҚР кәсіподақтар федерациясы «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» байқауында облыс орталығындағы №198 мектеп 3-орын иеленгені атап айтылып, арнайы марапатқа ие болды. Мерекелік жиын шәкірттердің ұстаздарға арнаған ән-жырымен, биімен жалғасты.

СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

Әлеуметтік саланы кең қамтыған реформалардың басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру. Бүгінде мемлекет тарапынан көрсетілетін халықты қолдауға арналған шаралар еліміздің ішкі саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қалыптасып отыр. Мәселен, "Nur Otan" партиясының XVIII съезі еліміздің жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетіп, алдағы 10 жылдың негізгі басымдықтарын көрсетті. Әлеуметтік саланың әлеуеті артқанымен, түйіні тарқатылмаған дүниелер жетерлік. Көкейдегі сауалдарға жауап алу үшін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевпен әңгімелескен едік.

Әлеуметтік салада әрбір мәселе маңызды

– Талғат Тұрсынұлы, Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында әлеуметтік сала назардан тыс қалған емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен бойда осы бағыттағы жұмыстарға баса көңіл бөліп келеді. Осыған орай биыл бірінші рет елімізде атаулы әлеуметтік көмек беріле бастады. Біздің өңірде бұл көмекті қанша адам алды?

– Өзіңіз білетіндей, "Nur Otan" партиясының XVIII съезінде елдегі түйткілді мәселелерге қатысты маңызды шешімдер қабылданса, басты назар көпбалалы отбасылар мен аз қамтылған тұрғындарды қолдауға бағытталды. Соған орай нақты тапсырмалар жүктеліп, бірқатар жұмыстар атқарылды. Мәселен, биыл жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бюджеттен 19,1 млрд теңге қаралды. Оған 31155 отбасы (154800 адамға) ілігіп, 16,7 млрд теңге тағайындалды. Қазіргі күні 30874 отбасыға (151278 адамға) 15,4 млрд теңге төленді. Атаулы әлеуметтік көмектің 1 адамға орташа айлық мөлшері 9812,1 теңгені құрады. Сонымен қатар, облыс бойынша осы жылдың 1 желтоқсанына бюджеттен 157637 аз қамтамасыз етілген азаматтарға 15,7 млрд теңгеге әлеуметтік көмек төленді.

– Осы жәрдемақы тағайындалғаннан кейін әлеуметтік жағдайлары барларға да берілген деген себеппен қаржыны қайтару жұмыстары жүргендігін білеміз...

– Өкінішке орай, атаулы әлеуметтік көмек көрсету барысында оң тенденциялармен қатар оның теріс жақтары да кездесті, яғни, әлеуметтік көмекті алу үшін әдейі ажырасу, жұмыстан өз еркімен шығу, табысын жасыру, отбасының табысы бар мүшелерін тіркеуден шығару жағдайлары орын алды. Бұл еңбекке жарамды халық арасында масылдық көңіл-күй қалыптастырды. Сондықтан, бізге бір емес, бірнеше рет тексеруге тура келді. Қазір облыс бойынша табысын жасырған және қайта есептеуге жататын 3637 отбасына қайта тексеру жүргізіліп, 1594 отбасына 1071 млн теңге тағайындалған әлеуметтік төлем тоқтатылды. Артық төленген 219,9 млн теңгенің 40,9 млн теңгесі бюджетке қайтарылды.

– Атаулы әлеуметтік көмек алдағы жылы қалай өзгереді? Оны кімдер алады?

– Келесі жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек беру тәсілі өзгереді. Көпбалалы отбасылар үшін жасы 18-ге толмаған бала санына қарай төленетін мемлекеттік жәрдемақы қолданысқа енгізіледі. Бала санына байланысты жәрдемақы мөлшері әртүрлі болады. Бірақ отбасы табысы есепке алынбайды. Ол – әр бала үшін 10-11 мың теңге шамасында, яғни, 2018 жылдан бастап тағайындалуы тоқтатылған ұқсас жәрдемақы мөлшерінен 7-8 есе артық. Атаулы әлеуметтік көмек табысы аз отбасыларға беріледі. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 проценті көлеміндегі шекті өлшем сақталады. 2019 жылдың үшінші тоқсанындағы есеппен ол біздің облыста – 28114 теңге болса, соның 70 проценті – 19680 теңге. Жан басына шаққандағы жиынтық табысы осы сомадан аспайтын отбасылар атаулы әлеуметтік көмек ала алады. Әйтсе де, балаға төленетін кепілдендірілген жәрдемақы 20789 теңге күйінде қалып отыр.

Жәрдемақы мөлшерінде өзгеріс жоқ екенін ескеру керек. Ол тек ересек адамдарға қатысты кедейлік шегі мен табыс айырмашылығына ғана болуы мүмкін. 18 жасқа дейінгі балалар, оның ішінде жоғары оқу орнында оқитын 23 жасқа дейінгі студенттерге кепілдендірілген жәрдемақы жыл соңына дейін төленеді.

– Кепілдендірілген әлеуметтік пакетті түсіндіріп өтсеңіз...

– Атаулы әлеуметтік көмектің жаңа механизмінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет қарастырылған. Соған сәйкес тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың балаларын қолдауға ерекше көңіл бөлініп отыр. 1-6 жасқа дейінгі балаларға азық-түлік жиынтығы, гигиеналық заттар, 6-18 жасқа дейінгі балаларға мектепте ыстық тамақ, оқу құралдары мен киім беріліп, оқуға барып-келу шығыны өтеледі. 18 жасқа толмаған балаларға кепілдендірілген тегін медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық, оның ішінде стоматологиялық көмек көрсетіледі.

Өңірде тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің 65 процентке жуығы балаларға тиесілі. Алдағы жылы көпбалалы аналардың үй жағдайында кәсіппен айналысуы үшін арнайы курстар ұйымдастырылады. Ендігі жерде еңбек етуге қабілетті адам уәкілетті орган ұсынған жұмысты істеуге міндеттеледі. Оған көнбеген жағдайда үй ішіндегілер атаулы әлеуметтік көмектен қағылады. Сонымен бірге, келер жылдан бастап ол тоқсан сайын тағайындалмақ.

– Басқарманың тағы бір жауапты саласы – халықты жұмыспен қамту. Дәл қазіргі кезеңде өңірдегі жұмыссыздар саны қанша процентті құрайды?

– Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде 33030 адам хабарласып, олардың 18721-і тұрақты жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ, нысаналы топтарға жататын 921 адамның (мүгедектер – 581, жазасын өтеп келгендер – 339, оралман – 1) 602-сі жұмыспен қамтылды. Жыл басынан бері 84 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, 4425 адам жұмыспен қамтудың белсенді түрлеріне (3166 тұрақты) жолдама алды. Айта кету керек, биылғы «Еңбек. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасын жүзеге асыруға облысқа 9,7 млрд теңге қаралған, оның 8,3 млрд теңгесі игерілді. Бағдарламаға қатысушы ретінде 29649 адам енгізілді. Олар – жұмыссыздар, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, жұмыс іздеушілер, оқушылар, студенттер, зейнеткерлер.

Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға 1515 адам оқытылды. Ал жұмысшы кадрларды еңбек нарығындағы сұраныска ие кәсіптер бойынша қысқа мерзімді оқытуға 2177 адам жолданды. Оқу курстарын аяқтаған 1185 адамның 792-сі жұмыспен қамтылды. Демек, 379-ы тұрақты жұмысқа орналасса, 413 адам мемлекеттік грант алды.

Екінші бағыт – жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 2752 адам жолданды, 2470-сі оқуды аяқтап, 206-сы шағын несие, 707-сі мемлекеттік грант алды.

Үшінші бағыт – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы еңбек нарығын дамыту және еңбек ресурстарының ұтқырлығы аясында 25404 адам жұмыспен қамтудың шараларына қатысты. Оның ішінде 14353 адам бос жұмыс орындарына орналасса, 1254 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, мерзімі аяқталған 373 адамның 158-і тұрақты жұмысқа орналасты. Жастар тәжірибесі бойынша 3114 адам, қоғамдық жұмыстарға 6683 адам тартылды.

Сонымен қатар, бағдарламаның шеңберінде екі жоба енгізілді. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы жастардың жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтіп, 2 жылға дейін жұмыспен қамтылып, алғашқы жылдың еңбекақысы бюджеттен субсидияланатын болады. Ал, «Ұрпақтар байланысы» жобасы зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкер-тәлімгердің қасына бағдарламаға қатысушы 18 айға тұрақты жұмысқа орналасады. Әрі қарай тәлімгердің орнына жас маман ауыстырылады. Оның ережелері енді қабылданады.

– Әлеуметтік саладағы түйткілді мәселе деп нені айтар едіңіз?

– Әлеуметтік саладағы мәселелердің маңызды емесі жоқ. Себебі, бізге жас баладан еңкейген қарияға дейін мәселесін айтып келеді. Оның ішінде аз қамтылған отбасылар санатына жататындар, мүгедек жандар, көпбалалы аналар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған аналар, қарттар болғандықтан ол мәселеге өте ұқыпты қарау қажет. Біз шешпеген күнде де басқа мекемелерге шығып, азаматтарды әуре-сарсаңға түсірмеу жолдарын қарастырамыз.

Жалпы, өтіп бара жатқан жылда басқарма атқарған жұмыстар нәтижелі болды деп айта аламын. Межеленген индикаторларға қол жеткізілді. Сәуір айында басталған әлеуметтік көмектің жаңа форматы аясында тиісті жұмыстар жүргізілді. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 74 жылдығы, Қарттар күні, мүгедектер күні өз деңгейінде аталып өтті. Республикалық үздік әлеуметтік қызметкер байқауында Қазалы ауданындағы «Шапағат» қоғамдық қоры мен басқармаға қарасты №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары үздік болып танылды. Еңбек әулеттерін анықтап, ұлықтауды үрдіске айналдырған форумды 6-шы рет өткіздік. Осы жұмыстардың барлығы да алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

Әңгімелескен
Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

№195-196 (19873-19874) 28 желтоқсан, сенбі 2019 жыл

Парасатты жазушы

Өмір бойы жазған, қазір де жазатын жазушы-журналист туралы толғау әсте қиын-ақ. Мен оны қаншалықты жақсы білсем де не жазарымды, қалай келтіріп мақтан сөз айтуды білмей отырмын. Мен онымен ұзақ жыл көрші болдым. Талай рет үйінде болып, емін-еркін әңгімелесіп, өмір тарихымен біршама таныстым. Ғибратты әңгімелерін тыңдадым, кітаптарын оқыдым, туған ағамдай жақсы араластым. Бауырымдай болған сол ағам – Айжарық Сәдібекұлы тәуелсіздік күні қарсаңында сексенді толтырды.



Бұдан бір ай бұрын Қызылордаға жол түсіп, үйіне бардым. Ағам жазу столында отыр екен. Бұрындары телефон арқылы сөйлесіп, хабарласып, елдің амандығын, өзінің жағдайын сұрағанымда, «анау-мынауды жазып, ертеректе басталып бітпей қалған шимайларды, ойда жүріп жазылмай қалған дүниелерді толықтырып және қазіргі заманның құқыл тіршілігінің өзім түйсіктеген кейбір түйткілдерін жазып жатырмын» дейтін. Бұл барғанымда да осы әдетінің үстінен түсіппін.

Иә, Айжарық аға өмір бойы жазып келеді. Осы барғанымда өзінің былтыр жарық көрген «Жұмыр жерде біз бармыз» және «Парасат майданы» деген екі кітабын сыйлады. Кітапқа кіріспе сөзінде Айекең «Өмірдеректе айтыла беретін еңбек жолым ә дегеннен аудандық газеттің редакциясында басталып еді. Уақыт өте келе бұл қызмет мені «таңдаған мамандығыма», дұрысы тапжылмас тағдырыма айналды. Әдепкіде жазушы-журналист болу ойыма келмепті. Тағдыр талайыма жоғары білімді мұғалім дипломымен журналист болу жазылыпты. Бұл өзі ой мен жазудан бас көтертпейтін кәсіп екен. Осы машақатпен айналысқалы әрбір күнім мен түнім ой кешумен өтіпті. Айтарыңыз не, редакцияның қызметіне бір жегіліп алғасын ойсыз, жазусыз күнің өтіп, таңың атып болмайды екен.

Осы күні мен өзімді ұшықиыры жоқ жазудан салынған қиыр-шиыр жолмен жүріп өткендей сезінемін... сегіз сағаттық өлшемге сыймайтын, уақытпен санасып жатпайтын, қалай, қанша жазсақ та, сол «шатпақтарымызға» өмір бойы көңіліміз толмайтын кәсібіміз болған екен. Көзіміз де, шашымыз да «жазу да жазу» дейтін көк бейнетпен ағарыпты. Не жаздық, қалай жаздық, нені келістірдік, нені келістіре алмадық, оны кім есептеп жатыр. Жылдар бойы жазғандарымнан өзгелер тұрмақ өзім де жаңылысып қалыппын... Сол жазғандарым басылым тігінділерінде сарғайып қалды. Сонымен болды» деп журналистиканың ауыр да, машақаты көп бейнеті туралы шындықты айтады.

Айжарық Сәдібекұлы алғашқы шығармашылық туындысын студент кезінде Жүсіпбек Арыстановтың Ғани Мұратбаев туралы жазған «Жалынды жүрек» повесіне рецензия жазудан бастайды. Тырнақалды туындысы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көреді. Бұл рецензияны жазуға пионерлік, комсомолдық патриоттық рухта тәрбие алған Айекеңе Ғани Мұратбаевтың жерлестігі де әсер еткен болуы керек. Өйткені сол жылдары өз өңірімізден шыққан батырларды, танымал тұлғаларды, жазушыларды жерлесіміз деп мақтан ететінбіз.

Осы туындысынан қуаттанған Айекең әңгіме жазуға бет бұрды. Алғашқы әңгімесі де көп күттірмей облыстық «Ленин жолы» газетінде жарық көреді. Осыдан кейін-ақ Айекеңнің өзі айтатындай «жазу, тағы да жазуы» басталады.

Арал теңізіндегі Көкарал түбегінде дүниеге келген Айжарық аға әріп танығаннан бастап кітап оқуға қызығушылық танытады. Өзі айтатындай қолға түскен кітабын оқиды. Осы қызығушылық Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына алып келеді. Екінші курстың соңына таман 1963 жылдың күзіне дейін Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінде қызмет атқарады. 1964 жылдың басында әскер қатарына алынып, онда екі жарым жыл болады. Келгеннен кейін оқудың сырттай бөліміне ауысып Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетіне еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісі болып орналасады. Осылайша Айжарық Сәдібекұлының бейнеті мен тірлігі мол нағыз журналистік өмірі басталады. Ол кезде басылымдарда партияның әрқилы ұрандарына байланысты журналистерді шаруашылықтарға жіберетін. Онда партияның бесжылдық жоспарлары, олардың орындалуы туралы жазуды көбірек тапсыратын. Көркем шығарма жазуға бейім Айекең партияның тапсырмасын орындау үшін көп уақытын осы тақырыпқа арнайды.

Бұл туралы Айжарық аға «Көбіне атанның қомында, аттың жалында дегендей, асығып-аптығып жүретін тынымсыз жағдайымызбен газеттің қара мақаласын жазумен айналысқан адамдардың шығармашылық өмірінде қашан да, қайткенмен де бір бүйірі олқы соғып тұрады. Көркем шығарма жазуға біржола отыра алмай, партия мен өкіметтің жұмысы бүйірден киіп кеткенде, жазу үстіндегі ойы үзіліп қала беретін адамның көп күндері «эттең-эттеңмен» өтеді екен... Жазушының жазуымен, ғалымның ғылымымен бірыңғай айналысқанына не жетсін. Көптеген тұрғыластарымдай менің де жолым оңай болған жоқ. Газеттің бұрылуға мұрсат бермей баққан қара жұмысы жанымды жеп қойды. Менің бұл айтқанымның астарын көп жыл газеттің миашу жұмысымен айналысқандар ғана түсінер» дейді.

Рас. Сол жылдары шығармашылық адамына еркіндік берілмейтін. Цензура деген ит таппайтынды табатын. Бір кілтипан табылса болды, сергелдең мен зобалаң басталатын. Ал одан құтылу болмайтын. Әйтеуір бір шара қолданылмай басылмайтын. Алдымен партияның жұмысы алға қойылатын. Толып жатқан съездердің, пленумдардың, басқа да партиялық қаулылар мен шешімдердің, тапсырмалардың шегі болмайтын.

Француздардың «Ақындар провинцияда туып, Парижде өледі» деп айтатын айтулы сөзін Айжарық Сәдібекұлының шығармашылық еңбегі арқылы жоққа шығаруға болады. Айекең ешуақытта еңбегін бұлдаған емес, басқалар сияқты көрініп қалайын, мені де көтерсін деп өзін танытуға және атақдаңқ сұрауға ұмтылған жоқ. Өңірде жүріп-ақ елге танылды, шығармаларын оқырман жылы қабылдады. Айекеңнің өзі айтатындай «бүгінгі қаламгерлердің ел ішіндегі беделі дегенде, мен не дейін? Ақын-жазушылар шығармаларын ол үшін жазбайтын шығар. Шығармалары сәтті туса, оны жұртшылық (қоғамдық орта) жылы қабылдаса, бедел деген сол. Қаламгерге одан артық не керек?»

Иә, парасатты жазушының беделі де осыдан көрінеді.

Айжарықтың жазғандарының басым көпшілігі еңбек адамдарына, олардың жанкешті бейнеттері мен сүбелі сөздеріне, мінездеріне, рухына арналған, яғни, тәрбиелік мәні зор еңбектер.

Ол еңбек адамдарына көбірек орын бергенін былайша түсіндіреді. «Өз басым балықшылардың ауыр тұрмысын көріп өскендіктен бе, қаламды қару еткен ғұмырда маңдай терімен күн көрген пенделерге іш тарта беретін едім. Қаратау мен Арал аралығын аралай жүргенде небір күндерім мен түндерім жүздерін күн қаққан диқандардың дала қостары мен малшылардың өрістерінде өтті. Мен сол еңбек торыларын ұлықтадым. Көргендерімді көңіліме түйе жүріп, кімдердің кім екенін оймен пайымдап, ақылмен сараладым. Кейіпкерлерім – өмірде болған адамдар. Кейіпкерлерімнің кісілік жаратылысы мен еңбек мерейін қысқа жанр ыңғайымен көркемдеп суреттегенім болмаса, жазғанымның жалғаны жоқ. Деректі туындының табиғатында бұра тарту деген болмайды. Кейіпкерлерімнің тағдыры заманында солай болған». Иә, Айжарық ағаның жазғандарының жалғандығы жоқ, қоспасы, жапсырмасы жоқ шынайы туындылар. Қазіргі күнге дейін тәрбиелік мәнін жоймаған еңбектер. «Адамды адам еткен – еңбек» дегендей еңбек тәрбиесінен артық қандай тақырып болуы мүмкін.

Кезінде Айжарықтың тұңғыш повесі – «Теңіз түкпірінде» жарық көргенде сыншы Зейнолла Серіккәлиев «Бұл – парасатты жазушының қолтаңбасы» деп баға берген болатын. Иә, парасатты жазушының шығармашылығының бағасы мен беделі де осыдан көрінеді.Жазушылық пен журналистикаға сүбелі қалам сермеген Айжарық ағаның осы саладағы еңбегін шағын мақалада тізбелеу мүмкін емес.

Журналистің беделі мен қасиеті туралы Айжарық ағаның өзі облыстық басылымдардың біріне берген сұхбатында «журналистік кәсіп – кісілігің мен қабілетіңді, пайым-парасатыңды сынға салатын өнер. Бұл кейбіреулердің жеңіл ойлайтынындай оңай-оспақ машық емес. Журналистке азаматтық жауапкершілік, жинақылық пен ұқыптылық, қиялы ұшқыр алғырлық, қоғамдық құбылысқа сергек те байыпты ой жібере алатын қасиеттердің бәрі керек. Оларды парасат майданының жауынгерлері десе де болады» депті.

Айжарық Сәдібекұлы – «Дария жыры», «Көктемін күткен ару», «Аққұмның ақ түндері», «Бал айы», «Ашық мұхитқа шыққан алып», «Жұмыр жерде біз бармыз», «Парасат майданы», «Дарияның тұмасынан жыр боратқан» және т.б. кітаптардың авторы. Облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің өзінде ғана бақандай 25 жыл өмірін арнаған тарлан журналист. Тоқсаныншы жылдардың соңы мен екі мыңыншы жылдардың басында республикалық қоғамдық-саяси бағыттағы басылымдарда да жұмыс істеді.

Облыста 1992 жылы тұңғыш ұйымдастырылған «Жыл журналисі» аталымы бойынша «Облыстың үздік журналисі», 1997 жылы екінші рет «Облыстың үздік журналисі» атанған парасатты журналист-жазушыны сексен жылдық мерейлі күнімен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Шығармашылығыңыздың сабақтастығы үзілмесін, қаламыңыз мұқалмасын. Аллаһым сізге аяқталмай қалған шығармашылық дүниелеріңізді аяқтауға және басқа да туындыларды алып келуге күш-куат берсін.

Бекмырза СЫРЫМБЕТҰЛЫ.
Алматы қаласы.

1960 жылдардың ортасы. Біздің мына өмірдің барлық тынысына алаң, алабұртқан жасөспірім шағымыз. Бір күні сүйікті газетіміз «Лениншіл жастың» тұтас бір бетін толтырып «Зулайды күндер» атты жырлар топтамасы жарық көрді. Ақ жарық жырлар. Авторы – талантты жас ақын Тұманбай Молдағалиев. Жүрек шегін шерткен шынайы шындығына, затымен бірге «Зулайды күндер» деген атына да «Ақын қайда асығады?» деп таңғалып едім. Алайда артынша мына өмірді лайықты сүруге асығу керек екенін ұғып, таңғалдым. Өйткені өмір – адамға аманат, уақытша берілген ақ жарық екен...

Ақ жарық

Осы бір жағдай бүгін менің есіме неге түсіп отыр? Ол – Тұманбай ақынның өмірдің өткінші, мәңгілік емес екендігін алғаш аңғартқандығынан ғана емес. Сол уақыттан бері осы жарық жалғанның ақ күнмен бірге тас қараңғы түннен де тұратынын сезініп, қызық қана емес, қиын, жақсылық пен жамандық күрескен, «махаббат пен ғадауат» тірескен (Абай) күрделі де күрмеулі ғұмыр сапары екенін аңғара бастадым.

Тұманбайдың өлеңі мен ойларының бұлайша еске түсіп, менің мақалама ақ жарық құйып, нақ бүгінгі күні табанымызбен нық басып тұрған өмір белесімізді жаңғыртуында және бір мән бар. Ол – менің жақсы інілерімнің бірі Мұхитжан Кәрімбаевтың алпыс деген асудан абыройлы асып, жаңа бір өмір кезеңіне шығып отыруына тікелей қатысты.

Әркімнің туған жері – өзіне Мысыр шаһары десек те, әділет-тілікке жүгінсек, жердің де жері, елдің де елі бар. Мұхитжан 1959 жылдың ақпанының 9-ы күні Шиелі кентінде дүниеге келіпті. Кезінде республикаға атағы жайылған азамат болған, Құдай шипагер-емші етіп жаратқан, Шиелі ауданы ауруханасының бас дәрігері Смайыл Кәрімбаевтың ұлы. Не жасыратыны бар, ол – ортамызда жүргенде аты мәшһүр ғана емес, заты, әрбір іс-әрекеті, емі, мінез-қылығы, қам-қарекеті аңызға айналған кісі болатын. Өмірден өткеніне бірнеше он жыл толса да, әлі ұмытылмағаны өз алдына, әлі де адам денсаулығының сақшылары үшін ғана емес, бұқара мен билік қаймағы – зиялылар үшін де үлгі-өнеге болып келеді. Адам ретінде де. Азамат ретінде де.

Мұхитжан Шиелі кентіндегі № 45 орта мектепте оқып, оны 1975 жылы үздік бітірді. Бала шағынан білімге құмартып, әсіресе тарих пен әдебиетті сүйіп өссе де, жан-жақты болуды және қазақтың есесі әлі де кем өмір саласын өркендетуге атсалысуды мұрат етті. Алматыдағы энергетика институтына құжат тапсырып, емтихандардан сүрінбей, студент атанды. Бойында күш-жігері тасыған жас жігіт табандылық танытып, тер төгуі нәтижесінде жоғары оқу орнын 1980 жылы инженер-электрик мамандығы бойынша тәмамдады.

Осыдан кейін оның үлкен өмірге қадамы, үлгілі өмірбаяны басталды. Иә, үлкен өмір, үлгілі өмірбаяны. Бұл – әсте де әсіре айтылған қызыл сөздер емес. Бұл ретте оның өмірдегі ерен еңбекпен терген, еліне берген жемістерін, қоғамдық тіршіліктегі жеңістерін өзіміз баяндап жатпай-ақ, тасқа басылған беделді анықтамалық еңбек «Бірінші – BIRINSHI» деп аталатын жалпыұлттық рейтингтік энциклопедиядағы аз да саз, сарań, бірақ мағыналы деректерге кезек берелікші:

«Қызу еңбекті жаны сүйетін жас маманның алғашқы жұмыс орны – №6 жылу электр орталығы. Кейіпкеріміз 1980 жылдың 18 тамызынан аталған мекемеде бесінші разрядтағы электромашиналарды жөндеу жөніндегі электр слесары болып қызмет ете бастайды. Іскер азамат 1981 жылғы 26 қаңтарда Қызылорда облысының электр тораптары кәсіпорнына НОТ (технологияны ғылыми ұйымдастыру) инженері ретінде ауысты. Жұмыста асқан жауапкершілікпен көзге түскен. Мұхитжан Смайылұлы 1984 жылдың 2 қаңтарынан бастап аға инженер-электрик, 17 қыркүйектен соң Қызылорда қалалық электр торабы бастығының орынбасары, 1988 жылдың 14 желтоқсанынан Қызылорда электр тораптары кәсіпорны бас инженерінің қауіпсіздік техникасы жөніндегі орынбасары қызметінде болды. Ал 1989 жылы өзі қызмет атқарып жатқан мекеменің тізгінін қолға алған...».

Жиырма бірінде жоғары оқу орнын жақсы бітірген жас маман көріп отырғаныңыздай, бірден өндіріс орнына жұмысқа тұрып, өз білімі мен білігін көрсете бастайды. Электр кәсіпорнындағы істі ілгері бастыру үшін техника тілін жетік білу керектігі өз алдына, адам ретіндегі ынтаықылас, айрықша бейім-зердесіз және жетістік жоқ. Ол осындай қабілет-қарымын ерте байқатып үлгерді. Ал отыз жасында өз мекемесінде бірінші Қызылорда қалалық электр тораптары кәсіпорнының бастығы болды.

Мұндай өмір өрлерінен асу, жұмыс-қызметтегі тек ілгерілеп өсу белестері айтуға ғана оңай. Оның әр кезеңінде, бұрынғыдан гөрі биік келесі сатысында қаншама ақыл-ой мен білектің қуат-күші, жүректің жұмсалған жылу-жарығы жатыр. Екі арада алып империя – КСРО құлап, Қазақстан тәуелсіздік алды. Бұған дейінгі жүйе қирап, дағдарыс күшіне мінді. Осындай әрең жанбағыс кезінде де мемлекетке, халыққа бәрібір жарық керек. Демек, мұндай қиындықтарды жеңіп, жылу-электр тораптары жұмысын жолға қою үшін жаңа заман талабынан табылар өре-білікке қоса елді сүйген, халқына жәрдемдесу үшін жүрек жылуын аямаған ар-намыс керек. Алаш арыстарының көсемі Әлихан Бөкейханов XX ғасыр кірісінде «Елге қызмет ету – мінезден» деп неге айтқан дейсіз?! Осылайша егемен еліміз өміріндегі ең ауыр кезеңде біздің кейіпкеріміз Мұхитжанды мінезі, еселі еңбегі дағдарыстан құтқарды.

Әрі қарай жоғарыдағы жалпыұлттық рейтингтік энциклопедияға және жүгінсек, Мұхитжан Смайылұлы өміріндегі мынадай өзгерістер мен жаңалықтарға куә боламыз:

«...1997 жылдың 21 желтоқсанынан бастап «Қызылорда электр тарату тораптары» акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті болып еңбек жолын жалғастырды. 2008 жылдың қаңтарынан 2009 жылдың ақпанына дейін бас инженер қызметін абыроймен атқарған. 2009 жылы «Қызылорда жылу-электр орталығы» МҚК директоры болып тағайындалады. Кейіннен, нақтырағы 2014 жылға дейін осында басшылық қызметте болды. Ал 2014-2016 жылдар аралығында «Нұртөбе Қызылорда» үй құрылысы комбинаты» ЖШС директоры.

Мұхитжан Смайылұлы 2016 жылдың қаңтарынан бастап күні бүгінге дейін «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы болып жемісті жұмыс жасап жатыр...».

Асылы, адамның еңбегіне қарай өнбегі. Құдай берген мінезіннен аса алмасың тағы бар. Мұхитжан Смайылұлы өз парызын орындауды біліп, ерен еңбек етіп жүрсе де, атақ іздеген жоқ, мадақ күткен емес. Соған қарамастан оның талай жыл төккен тері текке кетпей, соған сай елдің елеуі, биліктің бағалауы заңдылық болса керек. Осындай марапаттың алғашқысына ол кеңес өкіметі кезінде-ақ қол жеткізді. Атап айтқанда, оған СОКП 80 жылдығы қарсаңында Қазақстан Коммунистік Жастар Одағы қалалық комитетінің және Қазақ КСР Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталары берілсе, энергетиктер күні алдында «Өз ісінің шебері» белгісі табыс етілді. 2005 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Алғыс хатын алды. Ол – Қазақстан энергетиктері қауымдастығының «Құрметті энергетигі», ТМД елдерінің «Құрметті энергетигі». Екінің бірі түгіл, екі жүз мыңның бірінің қолы жете бермейтін мәртебелі атақтар бұлар. Сондай-ақ, ол – «Он бірінші бесжылдықтың 2-дәрежелі гвардияшысы», Ресейдің «ГОЭЛРО-ға 80 жыл» толуына байланысты шығарылған төсбелгісін кеудесіне тақса, «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» толуларына орай шығарылған медальдардың да иегері. Бұған «Ерен еңбегі үшін» берілген медальды да қосыңыз. Байқайсыз ба, аз марапат емес. Бірақ біздің кейіпкерімізге мына өмірде ең маңыздысы – шарапат. Әрқашанда тура тұрып, тура жүретін, жемісті еңбегінің нұсқасы да өзі, тағдырының ұстасы да өзі. Өткінші дүниенің мәңгілік сәулесін – ақ жарығын қанағат тұтады. Берсе – аспайды, бермесе – саспайды. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі берен тарихын туған жерді табанымен нық басқан, әрбір еңбек белесі шынайы сыр-дастан санаулы елдің ерлері – Мұхиттар жасап жатыр.

Жер бетінде алтын күнсіз, оның шуағынсыз бір жылдық түгіл, бір тәуліктік, бір сәттік – секундтық тіршілік бар ма, бола ма?! Нақ сол сияқты бүгінгі таңда электр жарығынсыз бір айлық өмір, бір тонна қорытылған темір, жарқын көңіл бар ма, болар ма өзі? Тіпті электр тоғы XIX ғасырға дейін табылмай, тас қараңғы түнді балауыз шырақпен, білте майшаммен жарық еткенімізді, ал тікелей біздің еліміз өміріне 1960 жылдардың басынан бері келіп, етене болғанын ұмытып кетіп жатамыз. Осынау ақ жарықпен мәңгілік жасасып келе жатқандай сезінсек те, мұның бәрі – кешегі ұлы физик оқымыстылардың, қазіргі Мұхитжандай мемлекетке қосшы, энергетиктерге басшы азаматтардың төккен маңдай терінің арқасы екенін әрқашан ескерсек абзал-ау. Ендеше өз кезіндегі кемеңгер көсем В.Лениннің: «Коммунизм дегеніміз – Кеңес өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деп бекер айтпағанына ден қойсақ дұрыс. Ақиқат осыған сайса, электр нұры – ақ жарықсыз азаттығымыз да, болашағымыз да жоқ екені дәлел тілемесе керек.

Қазіргі күні Мұхитжан Смайылұлы 60 деген елге аға жастың асқар биігінен асып, кемел кезеңнің төбесін басып қана тұрған жоқ. Жұрт көзінде жүрген адам ретінде еліне есеп беріп, жүрегінің жарығын шашып тұр. Мен бағанадан бері оның еңбек жолын тізіп, осы орайдағы азаматтық тұлғасын түзіп, қарабайыр қызметкерліктен гөрі адамдық-қайраткерлік келбетін ашуға тырыстым. Тырыстым дейтінім, әрбір жақсы кісі – жайдақ көлшік емес, мұхиттағы мұзтау – айсберг сияқты. Су бетіндегі сегізден бірін ғана көресің. Ал қайраткер азамат – ұлы суреткер Ф.Достоевский, өзіміздің абыз Абай айтқандай, құпиясы көп, жұмбақ әлем. Олай болса бұрыннан сырттай жақсы білгенмен, талай рет көріп, баз-бірде етене тілдескенмен, мен Мұхитты терең тани алдым ба? Әзірше білетінім – жоғарыда мен жүгінген рейтингтік энциклопедия тауып айтқандай, танып түйіндегендей, оның бірінші екендігі. Иә, ол өз мекемесінде, тиісті өндіріс саласында – бірінші. Ал, ол мұндай жеңіске, жеміске, жетекшілікке Абай айтқан жақсы жан болуға, толық адамдыққа үш асыл қасиет – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек арқасында жеткені және ақиқат. «Ғылым сол – үшеуінің жөнін білмек» деп Абай айтқандай, Мұхитжан бойындағы бұл үш бітім-қасиеттің де өз қыры мен терең сыры, жарық нұры мен жұмбақ жыры бар. Осы айтылғандардың айғағындай, ол – Қызылорда қалалық мәслихатының V, VI шақырылымдарының депутаты, ол – Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, ол – Шиелі ауданының Құрметті азаматы.

Ең басты игілік – Мұхитжанның немерелерінің аңызға айналған адам әке Смайылдың, асыл ана Төлтайдың жолын жалғастырып, игі ісін ілгері бастырып, Кәрімбаевтар әулетінің түтінін XXI ғасыр басында да тік ұшырып отыруларында. Дау жоқ, озық оташы, дархан дәрігер Смайыл Кәрімбаевты қайталау қиын. Ондай сирек емші, сырбаз шипагер болу да шарт емес. Осынау мәуелі бәйтерек болып өсіп-өнген текті әулеттің жаңа мүшелері атақты ата мен әзиз әже атына кір келтірмеді. Кәрімбаевтар ұрпағы деген дәрежеге сай қазақтың лайықты ұл-қызы, тәуелсіздіктің жарық төккен жұлдызы болып жетілді. Осы өре-өлшемнен байыптасақ, бір ғана Мұхитжан әке мен оның жары Гүлнәр келін әлпештеп өсірген үш қыз – қай-қайсысы да қазақтың қызы деген атаққа сай арулар. Бәрі жоғары білімді. Үлкендері тұрмыс құрған. Басқа қонған баққа да, Мұхит пен Гүлнәрдің қыздары деген жақсы атқа да өз білімімен, еңбегімен жеткен.

Мен өлең жазбағандығы, өлең жаза алмағандығы болмаса, әрбір шын қазақты ақын деп білемін. Басқа салаларда еңбек етіп жүргенмен, көңілдегі көрікті ойларын мөлдіретіп ақ қағаз бетіне түсірмегенмен, Қазақстан Жазушылар одағы мүшелерінен гөрі ақын, ақынжанды азаматтар аз емес-ау өмірде. Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» деп айтқанының ақиқат екеніне, адамның тал бесік пен тас табыт арасында созылған өмірі пендешілікпен өтпесе, дүниеге құл болуға, расында да ән-жыр, ақ жаңбыр, рухани нарық, ақ жарық екеніне күмән бар ма? Менің Мұхитжан Смайылұлы туралы мақаламның жырмен түйінделуі де орынды сияқты.

Аппақ болып барлық маңай
тұр жанып,
Жоқ қой ешкім ақ жарықты
кірлеткен!
Тасқа түссе бұл жарық,
тасқа дағы қараймын мен
құрметпен.

Құйылып тұр, құйылып
тұр нұр-жарық –
емен, шырша шыға келді
бүр жарып.
Жарық түссе қасіреттің өзі де
кетер еді нұрланып.

Жарық, жарық!
Мынау жердің бетінде
Көлеңкелер ұқсайды екен
жетімге.
Нұр-әкенің жанарынан
тыс қалған,
Жарық болып көкірекке
түсті арман.

Жарық деген – ең әйгілі
есім бұл.
Бөбегімді сәуле болып
өсірдім.
Бұл өмірдің көктемі мен
шуағы –
Махаббат пен мейірімнен
шығады.

Жарық деген әлемде
ең әдемі,
демен, бірақ тек жарықпен
жанасың:
Жану үшін –
қызу керек әуелі,
Ол қызуды –
өзің іздеп табасың.

Жайсаң ақын Жұмекен Нәжімеденовтің өлеңі. Ол бұл өлеңді де 1966 жылы жазған. Ақ жарық жыр. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, адамды адам етер, махаббат пен мейірім – жалын жүректен шықса», Мұхитжан Смайылұлының жақсы адам, абзал азамат болуының, оның айналасына жанып ақ жарық құюының сыры да осында. Тіпті оның «Қызылорда электр тарату компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы болып туған жеріне, өзі өскен Сыр бойы еліне ақ жарық жеткізіп жүруінің де себебі осында.

Аман бол, бауырым! Алдағы уақыттарда да ақ жарық болып жана бер!

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ.

Жазушы, ғалым, ұстаз

филология ғылымдарының докторы, профессор Тоқболат Еңсегенұлы 80 жаста

Белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тоқболат Еңсегенұлы 80 жасқа толды. «Сыр бойы» газетінде ширек ғасырдай еңбек еткен журналист кейін ғылым жолына бет бұрып, әдебиеттің түрлі жанрларына қалам тартты. Ол 30-дан астам кітап, 8 көркем шығарма, 16 монография, бір оқулық, 11 оқу-әдістемелік құрал, оған қоса 260-тан астам ғылыми, 70-тен астам көркем сын мақала, 40-тан астам әңгіме жариялаған. Эссе, өлеңдер топтамалары мен бірнеше әндері жарық көрді.

Жуырда ғалыммен жүздесудің сәті түсіп, өз шығармаларына арқау болған ой сараптарынан бірқатар сауалдарды қойған едік.

– Сіз өзіңізді «Ерте туып кеш қалғандар» қатарына қосыпсыз, неліктен?

– Дүние үштіктен құралған – Аспан – Жер, екеуінің ортасында Адамұлы. Неге? Өйткені, әлемдегі тірі жаратылыстың ішінде тек адамға ғана ақыл мен ой сыйлаған. Оған қоса, өмір қайшылықтан тұрады. Бұл – ақиқат. Табиғат болмысындағы жарық пен қараңғы, жақсылық пен жамандық, су мен өрт, шың мен құз өзара қарама-қарсы. Соған орай, әрбір адам ақыл мен ой және құштарлықты өріп ұстауға ұмтылуы қажет екен. Олай жасауға менің кезінде дәрменім жетпеді. Себебі, өткен жолыма, басқан ізіме қарап, өзімді «Ерте туып кеш қалғандар» қатарына қосамын. Солай болуыма қара бастағы табиғи болмысым және тіршілік еткен кезең мен әлгі ұмыр кешкен орта, жаратушы сыйлаған мінез-құлық себепкер деп санаймын.

Бұған дәлел келтірейін. Өмір ағысына қарап кейде өзіме ренжи, жақтырмай қараймын. Өйткені, мен дүниеге келгеннен кейін Ұлы Отан соғысы басталды. Иә, алғаш соғыс басталысымен әкем майданға алынған. Оның жер жыртатын сокасы мен қосқа жегетін өгізіне шешем ие болған. Үйде үнем етер ештеңе болмапты. Отбасында төрт бала бар, алды сегіз жаста. Шешем бригадирден жалынып сұрап, қаптағы егуге әкелген жүгеріден жарты уысын қалтасына салып алады. Әйтпесе балаларын ажал жалмап кету қаупі төніп тұр. Сол дәнді үйге келуіне диірменге тартып, қазандағы суға себелеп салып қайнатады. Шөмішке жұқпайтын шайманы тегешке құйып балалардың алдына қояды. Ертеңіне сәбилердің бәрі төсектен тұрмай қалады. Байқаса, сол қиын шақта егетін дәнді улап жерге себеді екен. Шешем тұрмысы тәуір үйден сүт сұрап әкеліп, балаларына ішкізіп, біздердің жанымызды сақтап қалады. Анандай шақта анасы таңсәріден жер жыртып, өзі бесікке таңылған сәбидің тағдырын көз алдыңызға елестетіңізші? Ауылды аштық жайлады. Сол тұста сегіз жастағы әпкем қоғажай басын күнде жинап келіп және былтырғы қырмандағы сабанды қағып, біздің үйге ажалды жолатпауға тырысты.

1947 жылы мектепке бардым. Оған жалаңаяқ кіргенім есімде. Егін жинау алғашқы қар жауғанға дейін созылады. Қыстауға көшіп келгеннен кейін күн қатты суыды, аяқ киім болмай мектепке бару маған тоқтатылды. Сабақтан қалғаным өксік болып сыртқа шығып, ащы жас болып төгілді. Мектепке бара жатқан балалардың ізінен жалаңаяқ қуа жөнелдім. Шаңырақтың тұңғышы, Қанзия әпкем соңымнан қалмай уәдеге байытып, алдарқатып, айтқанына көндірді. Ол да мен үшін жалаңаяқ қар кешіп жүр. Әкем түнделетіп жұмыстан келген соң менің жасаған қиғылығымды естіген бойда ошақ басында жатқан тулақтан шарық бүріп берді. Адам аязға қатты тоңғанда дене түгел қызара бөртіп, тұла бойың отқа қақтағандай ыси бастайды. Қыстың бетті күйдірер аязы екі ауылды жалғаған арық ішіне еріксіз тығады. Естияр балалар арық табанындағы мұзды ойып, суды бетіне шығарды. Амалсыз аяғың суға малшынады. Сабақтан оралып, шарықты шешкенде тобықтан төменгі жақ түгелдей ақ жемі шығып үлбіреп тұрады.

50-жылдың басында 4 колхоз оғыздардың астанасы болған Жанкент қорғанына қарай шұбыра көшті. Арбадағы жүкті ауылдың шетіндегі көне жертөле қасына жинап, әкем сол маңнан сонан айнымайтын бастырма соға бастады. Анау жертөледе белі бүкірейген, саусақтары қисайып кеткен, таяққа сүйенген жалғыз басты кемпір тұратынын білдім. Байқасам, бұл кемпір күзеткен шаңырақ отағасысы бізбен аталас екен. Әженің төрт баласы бірдей соғысқа кетіп оралмапты. Үйдегілер сол ананың отбасы тірлігін түгел атқаруды маған тапсырды. Бұл әже таң атысымен ортасын пешпен бөлген біздің үйге кіріп келеді, оған ілескен бірнеше қап аяз баспана ішін түгелдей тіміскілеп, біздерді төсектен еріксіз тұрғызады. Қаныгүл кемпір қолындағы қисық тал ағашпен жерді қатулана нұқып қалып: «Қош, ойдан-қырдан не хабар бар, біздің балалардан не хабар бар», – дейді бар салмағын таяғына артып.

– Таң енді атты, сабыр сақтасаңызшы, бәрі ойдағыдай болады, – дейді әкем. Әжем басын төмен салбыратып: – туысың емес пе неге іздемейсің, менің де ұмырым қысқарып келе жатқанын байқамайсың ба? Жүзден әрі жасайтын қарға емеспін ғой, – дейді.

– Беу Қаныгүл-ай, күйік қайғының шапанын бүркене беретінің не? Осылай қапаға малынып мында тұрғаныңда балаларың үйіне сау етіп кіріп келіп отырса қайтер ең?

– Аузыңа май, айтқаның айнымай келсін, – деп әже шынымен төрт перзенті өз баспанасына жайғасып, мұны күтіп отырғандай, далаға қарай еңбектегендей қалпында асыға ұмтылады. Содан кейін бұл әже күндегі әдетінше Қазалы қаласынан келетін қасқа жолдың жиегіндегі биік төбенің басына шығып алып, алыстан көрінген жүргіншіні тағатсыздана күтіп, қасына тақау келгенде өзі отырған төбеден сырғанай түсіп:

– Қош, ойдан-қырдан не жаңалық, біздің балалардан не хабар бар? – дейді. Ал сұр шенел киген адамды көрсе, одан балаларын сұрап ізінен қалмайды. Қаныгүл әже кешкі асын күн қызылы қоюланбай-ақ ішіп алады. Сондайда қарап отырмай әжемнен неге бұлай жасайтынының себебін сұрадым.

– Балаларым соғысқа кеткелі үйге шам жаққан емеспін. Содан бері қырық жыл болды. Өз ойымша төрт баланың ең болмаса біреуі тірі, келеді, сол кезде ғана үйге шам жағамын, – деді Қаныгүл әже. Тағдыр кейде шектен шыққан қаталдығын жазықсыз адамның мойнына қабаттастыра іле салады ғой. Бұл әженің төрт баласының бірі де оралмады. Жиырмасыншы ғасырдың 60-жылдарының ортасында Алматыдағы жалғыз университетке түсіп, бір курсын бітіріп елге оралсам, суық хабар сумаңдап алдымнан шықты. Қаныгүл әжемнің баспанасын өрт жалмап өзі қоса жанып кетіпті. Мен Қаныгүл мұңлықты анамдай ардақ тұтатын едім.

Бір қызығы жүз миллиондаған халқы бар Ресей жұртшылығы майданнан қайтпаған жауынгерлерінің мүрдесін іздеп тауып, ескерткіш, белгілер орнатып, қандастарының атын жоғалтпаудың жарасымды жолын тапқан. Біз ше?

Бойымдағы тағы бір таңба болып жабысқан қасиет – сәби кезімде Қанзия әпкемнің ізіне еріп жүріп үй шаруашылығына, отбасы тірлігіне әбден бейім болдым. Сол бауырым өткен ғасырдың елуінші жылдың ортасында тұрмысқа шыққанда отбасының күйбең тірлігінің салмағы менің мойныма түсті. Бұғанам қатпаса да сол бейнетке көндім. Бұл, әрине, заманға қарай көнбістік пен момындықтың маған тартқан сыйы деп есептеймін. Қатар балалар қара тер болып еселіп ойнап жүргенде мен диірмен тартып, келі түйіп, бала жұбатып, сан-сапалақ жұмысты атқарғанмын. Мұның зиянды жағы – ынжық, ұялшақ болып өседі екенсің. Әке-шеше таң атумен жұмысқа кетіп, кетпенмен жер қазса да, орақпен егін орса да көз көрмейтін қараңғылық түскенде барып үйге қайтып, түн ортасында қосқа кіреді. Олар келгенше өзім шиінді түйіп, оны диірменге тартып, тамақ асып, тапаға нан салып қоямын. Кей күндері арық қазып жатқан анама барамын. Мен шешем жиекке тастаған топырақты жоғары тартып көмектесемін. Әйтпесе қазған жер топырағы қайтадан ішке құлайды. Әрі бөліп берген жерді қазып болмай үйге қайтармайтын еді.

– «Жұмысшы мамандық өмірмен жеке беттесу екен» депсіз. Тарата түссеңіз...

– Қазалы ауданындағы «Өркендеу» ауылынан Энгельс атындағы шаруашылықтағы мектепке қатынап оқып, 1957 жылы онжылдықты қырық шақты бала тәмамдадық. Совхоз арасы 15 шақырымдай. Орта білім алғандар өндірісте қалып жұмыс істейді деген үндеу Қазалы аудандық «Ленин туы» газеті бетінде жарқ ете қалды. Бұл бастама қолдау тапты, ауылдағы сан-сапалақ жұмыстар ырқына қарамай қарбалас тірлікке еріксіз сүйреп апарып, сүңгітіп жіберді. Сол жылдың күзінде комсомолдық жолдамамен Қызылордадағы экскаваторлық курсқа баратын болдым. Оған кім ұсынғанын білмеймін. Комсомол мүшесімін, өз ойымша бас тартуға болмайды. Оқып келіп Қазалы құрылыс учаскесінде экскаватор машинисінің көмекшісі қызметін атқардым. Әлі паспорт алуға жас жетпеген, мектеп қабырғасынан енді шыққан бізге экскаватордың ауыр бөлшегін арқалауға тура келді.

1958 жылдың күзінде Кеңес армиясы қатарына шақырды. Мұнда тәртіп қатаң сақталады. Қазіргі таңда әсіресе бізге, барлық қандастарға, заңды армия уставын игергендей жатқа білуі керек. 1961 жылы әскер қатарынан оралу бойда темір жол бойында істеуді ұнаттым. Өйткені, бұл салада еңбек тәртібі әскердегі сияқты біршама қатаңдау сақталған. Тәртіп сақталмаған жерде береке болуы мүмкін емес. 60-шы жылдары Қазалы, Қызылорда станциясында кондукторлар резерві деген мекеме бар еді. Қазалыдағы сондай кәсіпорында бас кондуктор болып істедім. Жүк пойызы мен жүргіншілер пойызын ірі станцияға дейін аман-сау жеткізуге жауаптымыз. Маған үнемі жүк пойызын алып жүру, соған жауап беру жүктелді. Онда составтың ең соңғы вагонында тұрып пойыз амандығын бақылаймыз. Кондуктор орналасатын вагон айналасы ашық, жазда аптап жел соғады, қыста қақаған суық қыспағына түсеміз. Жерде 15 градус аяз болса, пойыз зулап жүрген кезде 40 градус аяз құрсауына алады. Межелі станцияға жетіп, шамалы жүргеннен кейін дене жыли бастайды. Жүк пойызының сапар барысында тоқтап тұруы жетерлік. Көбіне жолаушылар пойызына жол беріп, бекеттерде ұзақ тұрып қалады. Жаздықүні сондай сәтті пайдаланып, өлең жазуға кірісемін. Көңілің жарқын, шайдай ашық болса, сәтті жыр шумақтары төгіле қалады. Сөйтіп жүріп біраз өлең жазып тастаппын. Жергілікті «Ленин жолы» газеті арқылы мәпелеуге жарайтын қабілетім бар екенін байқадым. Үкілі үмітті ұштай түсу үшін журналист дайындайтын жалғыз университетке түсу арманға айналды. Оның үстіне мектепті бітіргендерге арналған үндеу ырқына көнбей, ебін тауып аттестатын алып, оқуға түскен парталастардың алды бітіріп келе бастады.

– Тағы бір сөзіңізде «Журналист – мейірбан, әділ, қабілетті жан» дегенді айтасыз. Осының сырын ашып бересіз бе?

– Меніңше, журналистердің бойында да табиғат сыйлаған, ата-анадан дарыған қабілет бар. Талантты жастардың журналистика мамандығын игеруге ұмтылатындығының сыры осында шығар. Әрине, таланттың үлкен-кішісі, ет пен терінің арасындағы жел сияқты көбік қабілет те кездеседі. «Журналист – мейірімді, әділ, адал, қабілетті жандар» деп айтуымыздың төркіні осыған келіп тіреледі.

Журналист – халық қамқоршысы. Осындай абыройлы мамандыққа түсу үшін жүрексініп біраз уақыт дайындалдым. Ақыры өлең жазған қалың дәптерімді, жергілікті басылымдарда жарияланған мақалаларымды жинақтап Алматыға қарай тарттым. Ол кезде журналистикаға түсетіндердің көбісі ақын, кейбіреулерінің кеудесінде қырық қап жел бар.

Емтихан тапсыру уақыты тақалған шақта журналистика мамандығына бір орынға 25 адамнан келгенін ресми түрде хабарлады. Ал бұл мамандыққа барлығы 25 адам қабылдайды екен. Конкурстан өтіп студент атандым. Өмірімдегі алғашқы шаттана қуанған сәтім. Ұнатқан кәсібіме қол жеткеннен бе, лекция оқылған әр сабаққа бекем дайындалам. Орталық кітапхананы жапқанша отыра берем. Әр күнге алдын ала жоспар жасағанмын. Мақала жазу үшін өндіріс орындарын аралаймын. Алғашқы семестрде «Лениншіл жас», «Жетісу» газеттеріне бірнеше хабар-ошарым шықты. Ол кезде декан Т.Амандосов «Баспасөз жанрларынан» лекция оқиды. Ол сол пәннен емтихан алғанда жарық көрген мақалаларымды түгелдей көріп шықты да билеттегі сұрақты айтқызбай сынақ кітапшама жоғары баға қойып берді. Ол кісі аяғыңды қия бассаң, дәлізде де сұстана қарап, ұрыса салатын. Бәлкім, ұнамсыз әрекеттен алдын ала сақтандырғаны шығар. Әйтсе де, баға қоюда әділдікті сақтайтын, бұл қасиет қажет қой. Әуелгі өндірістік практиканы 1965 жылы Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінде өткіздім. Басылым редакторы бір бума еңбекші хаттарына жауап жазуға маған берді. Екі апта уақытым соған кетті. Одан кейін көптен жатып қалған бес-алты бет арызды тексеруді әдейі қадап тұрып маған тапсырды және шағым иесі кемшілікке төзбейтін, заңға жетік адам екенін әдейі ескертті. Сол кісіні қолға түсіру қиын болды, зейнет жасындағы ақсақал жан-жаққа қыдырып кетіп қалады.

Редактордың орынбасары сол арыз нәтижесін күн аралата сұрайды. Алған бетімнен қайтпай арызды түбіне тақап тексердім. Шағым иесі аудандық мекеме басшысының көзге сүйелдей қадалатын былығын ашып көрсеткен. Арыздың сыр-сипатын шынайы күйінде дәлелдеп жазып, редактордың қолына ұстаттым. Осы шағымды тексеруге бір ай уақытым кетті. Сонымен өндірістік практика уақыты да тақалды. Тұшымды мақала жазудың сәті түспеді.

Бұдан кейінгі өндірістік практиканы облыстық газетте өткіздім. Реті келгенде өз аулыма бардым. Апам «Ана Сәуле шешеңе сәлем бергенің дұрыс, мені іздейтін адам бар екен ғой деп қуанып қалсын» деді. Ол ана совхоздағы Жеткербай көкеңің сарайына қоныс теуіпті. Оның жары Тайшабар Қоразбайұлы Сәуле екеуі отау тіккеннен кейін көп ұзамай майданға аттанған, қайтып оралмады. Сәуле шеше үнемі шаруашылықтың қауырт жұмыстарының басында таяққа сүйеніп қалғанға дейін жүрді. Себебі, сол іштегі қасірет дертін еңбек ету арқылы басып, ұмытуға тырысты. Күйеуі кеткелі шаңырақты жалғыз күзетті, ақ босағаны кірлетпеді. Бұл ана арқылы ауылдың сан тарау проблемалары қоса көрсетіліп, «Ақ босаға» атты лирикалық очерк «Ленин жолы» газетінде жарияланды. Сөз арасында бұл мұңлықтың күшқуатынан айырылғанда бас сұғатын баспанасы болмағаны қабаттаса айтылды. Қазалы аудандық әлеуметтік қамсыздандыру мекемесі Сәуле Қоразбаеваға «Өркендеу» совхозының орталығынан бір бөлме үй салынып берілгенін «Ленин жолы» газетіне хабарлады. Лирикалық очеркке мекеме жауап береді деп ойламаппын.

Меніңше, журналисттің қаламынан туған кез келген хабар-ошар да жұртшылықты сілкілеп оятатындай қуатты болғаны жақсы. Алматыдағы ұлттық университетті бітірердегі соңғы дипломдық практиканы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде өткізудемін. Редакторы – атақты журналист Ұзақ Бағаев. Ол кісі өте әділ, қаламы жүйрік, ақындығы да бар, дарынды азамат еді. Ұзақ Бағаев адамгершілікке шаң түсірмеген таза, жаны сұлу болғандығынан ба, редакция ұжымы бұл басшыға тік тұрып бағынып, сыйлайтын. Бір күні апталық шығармашылық жұмысының қорытындысына талдау жасайтын кезекті жиналыс өтіп жатқанда қабылдау бөлмесіндегі хатшы келіншек сыртта жүрген маған: «Сізді редактор шақырып жатыр, тез жетіңіз» деді. Бойымды аздаған үрей биледі, себебі, одан бірер күн бұрын сол басылымда көлемді материалым жарияланған болатын. Ішке ендім. Жиналысты редактор қорытып (ол кезде «Бас редактор» деген сөз «Правда» газетінде ғана жазылатын): «Алдарыңызда тұрған студент-практиканттың мына жазған очеркі оқырманын сүйсіндіретін дүние. Дәл осындай етіп редакция қызметкерлерінің көбісі жаза алмайтынын білем. Бұл студентке біз жайғасып жұмыс істейтін орындық та бермеппіз. Мұндай қабілетті жастарға қолдау көрсету қажет-ақ» деді. Университетті бітірер шақта редактор Ұзақ Бағаев қол қойған «Ленин жолы» газетіне қызметке шақырған қатынас қағаз келіпті. Факультет деканы Т.Амандосов бұл жайтқа балаша қуанды. Ұзекең кейін Қазақстандағы баспасөз атасы – қазіргі «Егемен Қазақстан» газетіне басшы болды. 1968 жылы «Ленин жолы» газетіне әдеби қызметкер болып орналастым. «Партия тұрмысы» бөлімінің бастығы – қара қылды қақ жарып сөйлеуге құштар Досмағамбет Тасекеев, соғыс ардагері. Ол ой-өрісі төмен, білімі тайыз, сырты жылтыр адамды әсте ұнатпайды. Бұл бөлім меңгерушісі талғамынан өтіп, ол кісімен бір бөлімде жұмыс істегеніме редакциядағылар маған ризалық білдірді. Өткен ғасырдың жетпісінші жылының басында Қызылорда қаласында шағын аудандар салына бастады. Бірақ шырпының қорабындай, бір қалыптан шыққан көпқабатты үйлер тығылыстырып бой көтерді. Әйтеуір іші қуыс. Көп ұзамай «Микроаудан қандай болуы керек?» деген мақала жаздым. Қала басшысы Ыдырыс Қалиев жұмыста отырған маған телефон соқты. Аса қажет мәселені газет бетінде көтергенге ризалығын білдіріп, таяуда осы мақала өз бюросында қаралатынын айтып, соған қатысуға шақырды.

Өмір қайшылықтан тұрады, бұған қолдан келсе опынбаған, жүрекке сақтамаған дұрыс. Осындайда таңдаған мамандығыңның халыққа қамқорлық жасау бағытына бет бұрған кәсіп екені сүйсіндіреді. Өйткені, журналистер шығаратын газет ешқандай дақ түспеген ақ қағазға басылып, халыққа тарайды... Осы «Ленин жолы» («Сыр бойы») газетінде 24 жыл қызмет атқарыппын. Сол ұзақ уақыттың әр күнінде атқарылған еңбек қорғасын болып балқып, газет бетіне әріп болып құйылатын еді. Шынында да ол кезде газетке басылатын әріп балқып құйылған қорғасыннан жасалынатын. Ойланайықшы, ұқсастық па? Сан салалы өндіріс, кәсіпорын, құрылыс, білім, мәдениет орындарын аралағанда кездескен барша адамдар жұмыстан кейін еркін тынығып, ұйықтап жатқанда өзім солар туралы терең толғанып, шындықпен суарылған ойымды ақ қағаз бетіне шұқшия түсіріп отыратынмын. Өйткені, газет шапшаңдықпен қоректенеді...

– Көркем шығарманың бірнеше жанрына қалам тарттыңыз. Прозада алты кітап шығарыпсыз, 16 монография, 11 оқу құралы бар екен. Осылардың арасында жаныңызға жақыны қайсы?

– Ашығын айтқанда, әуелі жыр мен ән толқын болып жүректі тербеді. Себебі, поэзия айдынында еркін жүзген әуеттен шықпасам да, әкем Жанбатырұлы Еңсеген ауыл-аймаққа ақындығымен кең танылған кісі еді. Көкем өз көңіліне сезім толқынын тудырған жайтты әп-сәтте жырға айналдыруға бейімділігі басым болатын. Ал шешем Үрімкүл Меңдібеккызы ұтқыр, ойлы сөйлейтін, жұртты аузына қаратқан, «Ауыл апасы» атанған, жүзінен мейірім төгілген, кең пейілді ана еді. Көкем де, анам да қой аузынан шөп алмайтын момын адамдар болатын. Содан ба, социализм орнатуда Кеңес өкіметінің шиқылдақ арбасына өгіздей болып өмірден өткенше жегілді. Жыр мен әнге құштарлығым менің өмірдегі жолымды табуға, мақсатымды айқындауға мүмкіндік жасады. Өзім 6-сыныптан бастап өлең жаза бастадым. Бірақ сол жырларымды бала күнімнен-ақ біреуге көрсетуге ұяламын. Анда-санда өлеңдерімді топтап Қазалы аудандық «Ленин туы» газетіне жіберетінмін. Араға айлар, жылдар салып бір-екі туындыларым қылт етіп газет бетінен көрінеді. Біртебірте өзге газеттерге қарай мойын созуды әдетке айналдырдым. 1961 жылы әскер қатарынан оралғаннан кейін жыр жазуды үдете түстім. Оған, әрине, жан дүниеңді түгел өртпей жіберердей болатын ғашықтық алауы себепші болса керек. Болашағы бұлыңғырлау жырдың жетегіне еріп, ұйқы көрмеген талай апта, айлар зымырап өте шықты. Сол махаббат жайлы жырлардың ішінде бір өлең Сыр өңіріндегі аймақтық басылымның назарына ілігіпті.

«Ынжықтық» деген туындымды облыстық «Ленин жолы» газетіне жібердім. Ішекті үзердей ұзақ уақыттан кейін сол басылымнан хат алдым. Онда: «Өлеңіңді оқыдым. Өзіңе сонша налып, сары уайымға салынысыз, жаратпадық»,– деп жазып, әдеби қызметкер Р.Бекбергенова қол қойыпты. Содан біразға дейін қалам ұстамай жүрдім. Кейін Қазалы вагон депосына қарайтын мекемеде жұмыс істегенде республикалық «Темір жол газетіне» үйірсектік таныттым. Сол басылымға «Аяз бен кондуктор» деген өлеңім жарқ ете қалды. Айым оңымнан туғандай, қайтадан шабыттана кедірбұдырлы жыр шумақтарын ұйқы көрмей сызбайлай бастадым. Осылай жырға деген ғашықтық мені журналист етіп шығарды. Студент атанған соң бұл бағытта ізденіс күшейді.

Прозадағы ауқым кеңдігін, психологиялық, философиялық тереңдікті ұнатамын. Ақиқатты білдірсек, өмір сүру – революция сияқты. Бұл табиғи заңдылық. 40-тан астам әңгіме, 3 повесть, екі роман жазылып, жарық көрді.

– Сатира мен юмор дүниенің сұлулығын, тыныштығын қорғайды деген. Бұл ұстанымға сіз де өз еңбектеріңізбен үлес қосып, осы бағытта көбірек қалам тартқан секілдісіз...

– Оның рас, бұл салада көбірек қалам тарттым. «Шайтан бөрі» атты кітапқа сатиралық поэмалар мен сатиралық повестер, сықақ өлеңдер, әзіл әңгімелер, шартты фельетондар енді. «Сықақ өлеңдер» бөлімінде 14 өлең, «Әзіл әңгімелер, мысқыл, фельетон» бөлімінде 16 шығарма, «Алаяқтар жайлы хикаялар» бөлімінде үш сатиралық повесть бар. Шығармаларда өмірдің көлеңкелі жағына тасаланып, жағымпаз, жылпос, парақор, мансапқорлығымен жыландай жөрмелеп, білдіртпей шағып, уын жайып жүретін қара ниеттілерді жағасынан ұстап, жұрт алдына сүйрет шығарып, аямай әшкерелеуге тырыстым.

Жыртқыш, ет жейтін, қан соратын хайуанаттар қараңғыға бой тасалап жүріп әрекет жасайтын болса, адамдар арасындағы арамтамақ пенделер де содан айнымайды. Олардың әлгіндей залымдық, қиянатшыл болмысы мұндағы шығармалардың көбінде образды түрде бейнеленді-ау деймін. Жинақтағы әрбір шығармаға өмірдің шынайы көрінісі арқау болып тартылып, көркем тілмен жазылғандықтан оқырман көңілін оятып, айызын қандыра берер деген үміттемін. Сатиралық юмор – жақсылықты, шындықты, адалдықты, дүниенің сұлулығын қорғайтынын ұнатам, әйтпесе жамандық төбеге өрлеп кетер еді.

– «Авеста» шығармасын зерттеудегі еңбегіңіз ұлттық ғылымға қосылған жаңалық болды. Осы турасында түйіндей айта кетсеңіз.

		026	Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	853 359,0
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	11 189 311,8
			Бюджеттік кредиттер	14 144 752,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 248 009,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 649 977,0
		048	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	1 649 977,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 598 032,0
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	5 598 032,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	6 597 253,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	6 597 253,0
		025	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	1 905 112,0
		037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру»	4 692 141,0
13			Басқалар	299 490,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	299 490,0
		069	Облыстық орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	299 490,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 955 440,2
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 955 440,2
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2 924 081,0
		2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	31 359,2
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	3 764 912,0
			Қаржы активтерін сатып алу	3 764 912,0
13			Басқалар	3 764 912,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	2 100 409,0
		005	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	2 100 409,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	714 503,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	714 503,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	100 000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	100 000,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	850 000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	850 000,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-11 282 945,5
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	11 282 945,5
7			Қарыздар түсімі	13 600 720,0
	1		Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	5 206 155,0
		10	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер	5 206 155,0
	2		Қарыз алу келісім-шарттары	8 394 565,0
		02	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	8 394 565,0
16			Қарыздарды өтеу	2 997 199,6
	257		Облыстың қаржы басқармасы	2 997 199,6
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2 922 769,0
		018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	74 430,6
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	679 425,1
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	679 425,1
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	679 425,1

Ерліктің ерен үлгісі

Екінші дүниежүзілік соғыста атағы алты құрлыққа тараған дивизиялар санаулы еді. Соның бірі – 166-дивизия. «Артемовский Краснознамённый дивизия» деген атауымен тарихта қалған. Мұнда қарша бораған оққа кеудесін тосқан батырлар болды. «Отан үшін, ел үшін, жер үшін!» деп дивизия құрамында алдыңғы шепте айқасқандардың бірі – қармақшылық Жүсіп Қаратаев.

Дәулет ҚЫРДАН.

Ел басына туған қиын-қыстау күндерінде еш қаймыққан жоқ. 20 жасқа толар-толмас шағында Ақтөбе фронтындағы қызыл партизандар құрамына ерікті түрде еніп кетті. «Қандыағаш», «Жұрын», «Құдық» станцияларында болған қиян-кескі азамат соғысында өзімен бірге ұрысқа қатысқан бауыры Аяп қаза болды. Туған бауырдан айырылса да оның бойындағы жалын өшкен жоқ, керісінше лаулай түсті.

Жүсіп Қаратаев 1917-1919 жылдары Ақтөбе-Қандыағаш қызыл гвардиясында болса, 1920-1921 жылдары Қазалы қаласында әскери қызметін жалғастырды.

– Бұдан соң туған ауылға келеді. Нан табудың қамымен Ташкентке барып, қара жұмыс істейді. Әйткенмен, қазақта «ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген бар. Тойған жерінде қалып қоюды азаматтық болмысына сын деп, 1926 жылы қайтадан туған елге оралады. Араға бір жыл салып, атақты академик Қаныш Сәтбаев негізін қалаған кеніш – Қарсақбайға апарар жолда қара жұмысшы болып еңбек етті, – дейді келіні Ұлтуаш Қаратаева.

Әскери салада білікті маман болған Жүсіп Қаратаев 1929 жылы милиция қызметіне орналасады. 1930-1935 жылдары бірнеше мәрте қылмыстық топты жойып, қылмысын әшкерелеуде көрінген оның еңбегі еленіп, басшылықтан марапаттарға ие болды.

Бұдан соң өмір иірімдері Жүсіп Қаратаевты түрлі жолға салды. 1939 жылдың аяғына дейін Қармақшыдағы Бозарқаш почта бөлімшесін басқарды. 1940 жылы аудандық атқару комитетінің сілтеуімен астық қабылдау қоймасына қабылдаушы болып ауысады. Әйткенмен, ел басындағы қиындық мұнымен бітпепті. Германия мен Кеңес әскері арасындағы қанқұйлы соғыс басталды да кетті.

Майдангер қолжазбасында бұл туралы былай деп жазып қалдырған екен: «1942 жылы 1 октябрь күні Отан соғысына аттандым. Соғысқа әуелі қатысқан жерім – Тарасовка. Одан соң Украинадағы соғыста болдым. Айдар өзенінде Сентябрск ұрысы өтті. Сонда немістің бір пулеметі мен 7 әскерін жойдым. Соның құрметіне газет бетіне жариялап, «За отвагу» медалін табыстады».

Майдангерлер осылайша Донбасс қаласын немістерден азат етті. Молдованың Терсков, Тешенов қалаларын және Каменов жерін жаулап алады. Жуковтің қол астында соғыста Варшаваны да жау қолынан азат етуге қатысты. Германияны аларда Одер өзеніне айлап жатып, көпір салды. Осылайша Берлинге 3 мамыр күні Кеңес әскері кіріп барды. Атақты Левитанның «Жеңіс! Біз жеңдік!» деген дауысы 8 мамырдың кешінде радиодан естілді!

Әр жерден уралаған әскердің дауысы шығып жатты. Жүсіп Қаратаев та Берлинді алған сарбаздардың қатарында көз алдына көк майсалы туған жері келіп, жанарына жас алып тұрды...

Иә, жеңіс бізге оңай келген жоқ.

Берлинді алуға қатысқан әскерге «Берлинді алғаны үшін» медалі табысталды. Майданда көрген қиындықтары және ұрыстағы ерлігі ескеріліп, Жүсіп Қаратаев бұдан бөлек «Қызыл ту» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, Кеңес Одағының маршалдары Константин Рокосовский мен Георгий Жуковтің марапаттарын иеленген.

Соғыстан кейінгі елдің қайбір жағдайы бар дейсіз?! Елдегі барды «Бәрі де майдан үшін!», «Бәрі де жеңіс үшін!» деп майдан даласына аттандырғаны тарихтан аян. Кәрі-құртаң, шал-шауқан, жылаған бала, көз жасын төккен келіншек... Бәрі, бәрі соғыстан қайтқан солдаттардың арасынан өз жақынын іздеп мойнын созады. Бірі қуаныштан жыласа, бірінің қайғы-мұңнан етегі жасқа толды.

Жүсіп Қаратаев 1945 жылы елге оралғанда ауылдың пұшайман халі көңіл құлазытты. Баяғы өзі жұмыс істеген астық қоймасының қабылдаушысы ретінде еңбек майданына кірісіп кетті. Әйткенмен, денсаулығына байланысты 1947-1949 жылдар аралығында жұмыстан босаған. 1949-1959 жылдары Қармақшыдағы интернаттың шаруашылық жөніндегі меңгерушісі болып еңбек етті.

Тағдыр дегенді қойсаңшы. Майдангер кенеттен көзінің алдын қараңғылық қоршап, жанары көруден қалды. Талай аурухананың табалдырығын тоздырды. Ірі қалалардан да жанына медет таппады.

Бұл күнде соңында қалған ұрпағы бір қауым елге айналған. Ел үшін шайқаста ұрпақтың қамын жеген майдангерге құрмет те толастамайтыны анық.

Мен ауылдың ұлымын

(Ой-жазба)

(Басы өткен санда)

Көршісі жақсы қандай-ды...

Адам түгіл шыбын кіре алмас темір есікті даңғырлата қағып тұрмын. Күн жұма еді. Қолымда тәтем пісірген жеті шелпек. Ар жақтан адам даусы естілсе де, көршім есігін ашпады. Жеті күлшенің үш түйірін этаж аралап зорға таратып, қалғанын көшедегі кішкентай балаларға үлестірдім. «Қабыл болсын, аға» дейді ересектеуі. Ішім жылып сала берді. Ай, ата-әженің алдын көрген баласың ау деп өзімше топшыладым...

Біздің көпқабатты үйде тұратын көршілердің екі-үшеуі ғана «орекеңдер» де, қалғаны тұтастай қазақ. Қасиетті күні пісірген жеті нанды ауылдағыдай екі жақтағы көршілерді асықпай аралап, батасын алып жүрмейсің мұнда. Есіктен басын қылтита, «іннен шыққан суырдай» қараған көршіңе бір шелпекті ұстатарсың, ол болса сәл ойланып өзіңе, содан соң қолындағыға қарайды. Қарағанда да бір тосын көзқарас. «Мен сізден нан сұрағаным жоқ немесе мынауыңа өзге бірдеңе қосылмаған ба?» дегендей. «Қабыл болсынды» айтса айтты, айтпаса түк ренжімейсің, «әуминді» іштей өзің қайталап, келесі көршіңе кете бересің.

Ауылда Үмігүлсім есімді анамыз бізбен көрші тұрды. Шалы ертерек қайтқан анамыздың үбірлі-шүбірлі балаларымен қатар ойнап өстім. Бір ғажабы, сол үйде асыр салып ойнап, асын ішіп жүргенде маған өз баласынан бетер қарайтын асыл адам еді. «Адал көршісі бар алаңсыз ұйықтайды» демекші, үйдегі үлкендер сырт жаққа қонаққа кеткенде мені сол кісіге қалдыратын. Сондағы анамыздың әрекеті – еш қомсынбайтын, шаршамайтын, бар тәттісін бөліп беріп, көп баласынан бөлек, мені бұрын тамақтандыратын. Аманат деп қарайтын. Аяқ-табағына дейін араласып кеткен бұл шаңырақтың қуаныш-қайғысында біздің үй де әрдайым табылушы еді. Әлі күнге «менікі, сенікі» дейтінді білмейтін мұндай көршілер қазір тым аз.

Арғы дүниеде де «көршіңмен дестің бе, ыстық нан жестің бе?» деп сұрайды екен. Шариғатта да көрші туралы, оның қақысы жайлы да мол айтылған. «Жақсы көрші тапқаның – мол олжаға батқаның» дейтін дана қазақ қазір неге бірінің үйіне бірі бас сұқпайды? Әсіресе, қалалық жерлердегі көршілердің қылығы тым бөлек. Ағайын – атадан, көрші – Құдайдан екенін ескерсек, Құдай нәсіп еткен көршіңіздің қиындығында бірге жанынан табылып, қуанышын бірге тойлау шынымен азайып бара ма? Көшеде кездесе қалған жағдайда бас изеуден арыға аспайтын міз бақпас мейірімсіздік пен «сен тимесең мен тиме, бадырақ көз» көршінің көңілге қонбайтын осы әрекетіне қандай тәрбие жетіспей жүр?

Сонымен, көршіңіз қандай адамдар? Қазақтың Қадыры айтпақшы, «көршің бай болмаса болмасын, тек көңілі лай болмаса» болғаны.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».

(Жалғасы бар)

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің ұстазы, күйші, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің концертмейстері Әлімжан Әбсадықовтың «Домбыра дәурен» атты шығармашылық кеші өтті. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өткен шараға сала майталмандары мен өнерсүйер қауым қатысты.

Күйші кеші

Облыстық филармонияның ұйымдастыруымен өткен өнер кешінде Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Айдос Иманжаппаров, Гүлназ Нағашыбай, Бисенбек Төлеубаев, Абылайхан Скақов, Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық оркестрінің артисі, республикалық конкурстардың лауреаты Нұргүл Бақытбек, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының студенті, республикалық конкурстардың лауреаты Нұрғали Әшімхан, Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі, Мәдениет қайраткері Батырбек Байназаров тәрізді республикамыздың әр өңірінен келген талант иелері қатысып, өнер көрсетті.

Шығармашылық кеште орындалған туындыларға «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев дирижерлық етті.

«СБ» ақпарат.

Медициналық көмек жаңа жүйемен көрсетіледі

Келер жылдан бастап еліміз міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшеді. Бұл – науқастарды қабылдау және емдеу жаңаша болады деген сөз. Осы орайда «ӘМСҚ» КЕАҚ облыстық филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау бөлімі ұсынған МӘМС туралы қысқаша мәліметті ұсынамыз.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі ел азаматтарына, оралмандар мен тұрақты тұрып жатқан шетелдіктерге толық көлемде қолжетімді болады. Сонымен бірге уақытша тұрып жатқан шетелдіктерге жедел түрде ауруханаға жатқызу және айналадағы адамдарға қауіп төндіретін ауруларды емдеуде де еш қиындық болмайды. Бұдан басқа, негізгі әлеуметтік маңызы бар және созылмалы жұқпалы емес ауруларды емдеу барысында медициналық көмектің толық көлемімен, тегін дәрімен қамтамасыз етіледі. Сақтандырылған азаматтар МӘМС жүйесінде жоспарлы стационарлық, консультативтік-диагностикалық көмекті, барлық деңгейдегі медициналық оңалтуды, амбулаториялық-емхана және стационарлық көмек көрсету барысында дәрі-дәрмекпен қамтылады. Сақтандыру пакетіне 18 жасқа дейінгі балаларды профилактикалық медициналық тексеруден өткізу, диагностикалық көмек, бағасы қымбат диагностикалық және лабораторлық зерттеулер (көрсетілімі бар жағдайда маманның жолдамасымен) кіреді. Сондай-ақ, МӘМС қызметкерлер мен жұмыс беруші төлеген жарналардың жиынтығынан едәуір асатын, бағасы қымбат жоғары мамандырылған медициналық көмекті алуға да мүмкіндік береді.

Келер жылдан бастап төленетін жарналар мен төлемдердің көлемі мынадай болып бекітілген.

• Жұмыс берушілер үшін – жалақы қорынан 2%;

• Жалдамалы жұмысшылар үшін – табыстың 1%-і;

• Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар және жеке іс тәжірибемен айналысатын тұлғалар үшін – 1,4 ЕТЖ 5%-і;

• АҚКШ бойынша жұмыс жасайтын тұлғалар үшін – табыстың 1%;

• Өзге тұлғалар – 1 ЕТЖ 5%-і;

Сондай-ақ, жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер 15 санаттағы азаматтар үшін аударымдар төлеуден босатылған. Атап айтқанда, 18 жасқа дейінгі балалар, жұмыссыз ретінде ресми тіркелген адамдар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, зейнеткерлер, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектер және т.б. (толығырақ https://fms.kz/ сайтында). Жаңа жылдан бастап бұл азаматтарға ЕТЖ 1,4% көлеміндегі төлемдерді мемлекет жасайтын болады. Егер азамат жалдамалы жұмысшылардың қатарына жатпайтын болса, бала күтуші немесе жеке тасымалдаумен айналысатын болса, яғни, келісім-шартсыз қызмет көрсететін болса, онда ол бірыңғай жиынтық төлем аудара алады. Республикалық маңызы бар қалалар үшін 1 АЕК – 2 651 теңге, басқа елді мекендер үшін 0,5 ЕТЖ – 1326 теңге. Бұл ай сайынғы сомаға барлық салықтар мен төлемдер кіреді (ЖТС, ӘТ, МЗЖ, МӘМС). Ал егер сіз жұмыс орныңызды әртүрлі себептермен ауыстырған болсаңыз, сіздің 3 ай көлемінде МӘМС жүйесінде медициналық көмекті алуға құқығыңыз бар. Бұл жағдайда төлем жасалған соңғы ай есепке алынады. Алайда, жұмысқа қайта орналасқан жағдайда, бұл қарызды төлеу қажет.

ТМККК және МӘМС пакеттері бойынша көрсетілетін медициналық көмек туралы қажетті мағлұматты өзіңіздің жалпы тәжірибе дәрігерінізден, қор сайтынан (https://fms.kz), 1406 Call-орталығынан және Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 (байланыс тел: 8(7242) 290382, 290569) мекен-жайында орналасқан Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалынан біле аласыз.

Қызылорда облысының әділет департаменті хабарлайды: «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары-мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес қайта ұйымдастырылады.

1-қосымша:

103. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы ауданының Әділет басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасына қосу жолымен;

104. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданының Әділет басқармасына қосу жолымен;

105. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария ауданының Әділет басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданының Әділет басқармасына қосу жолымен;

106. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының Әділет басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған ауданының Әділет басқармасына қосу жолымен;

107. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Байқоңыр қаласының Әділет басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданының Әділет басқармасына қосу жолымен;

108. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қаласының Әділет басқармасы Қызылорда облысының Әділет департаментіне біріктіру жолымен.

Мақсат – жемқорлықпен күресу

Сыбайлас жемқорлық – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер ететін қауіпті құбылыс. Бұл кесел салық саласында да орын алып отыр. Біріншіден, салық органдарының имиджіне нұқсан келтірсе, екінші жағынан еліміздің нарықтық экономикасын дамытуға қауіп төндіреді.

Халықтың және салық төлеушілердің заңдылықтарды жетік білмеуі салдарынан жемқорлыққа жағдай туғызады, соның салдарынан әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Салық төлеушілер бұл жауапкершіліктен құтылу үшін әртүрлі сыбайластық әрекеттерге баруы ықтимал. Кез келген құжаттарды рәсімдеуге «көп уақыт керек», «үзын-сонар кезекте тұру қажет», «көптеген құжаттарды толтыру қажет» деген оймен де сыбайластық іс-әрекеттерге жол берілуі мүмкін. Іс-жүзінде құжаттарды рәсімдеуге мүлдем көп уақыт кетуі немесе үзын-сонар кезекке тұру қажет емес. Себебі барлық салық органдарында Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарын, Салық төлеушілер терминалдары түскі үзіліссіз қызмет атқаруда. ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасымен «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары» (Әрі қарай – Стандарт) бекітілген. Стандартқа сәйкес салық төлеушілерге оңтайлы әрі тез қызмет көрсету үшін барлық арыздар мен есептіліктердің толтырылу үлгісі ақпараттық тақталарда ілінген. Ал салық төлеушінің арызы негізінде түрлі куәлік, анықтама, салыстырмалы акті, тағы басқа да құжаттарды алуға заңдылықпен және Стандартқа сәйкес 1 жұмыс күнінен 3 (5) жұмыс күні ішінде табыс ету белгіленген.

Салық басқармасының ақпараттық стенділерінде қызметкерлердің құқыққа қарама-қайшы келетін іс-әрекеттері туралы ақпарат жолдауға болатын электронды мекен-жайлар жөнінде мәлімет ілінген. Азаматтардың құқықтарын қорғау, салық органы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қызмет этикасын бұзу фактілерін анықтау мақсатында басқармада 23-52-96 «сенім» телефоны жұмыс істейді. Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарында, «Салық төлеушілер терминалында» арыз-шағым жәшіктері орналастырылған. Арыз-шағым жәшігінің электронды мекен-жайы да қызмет етуде.

Салтанат ЕРЖАНОВА,
Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

Құрметті табиғи газ тұтынушылары! «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы газ жабдықтарын пайдалану ережелерін сақтау сіздің өміріңізді сақтаудың басты факторы екенін ескертеді

Жылыту маусымының өтіп жатуына байланысты «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы газ құрылғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттілігі туралы естерінізге салады. Күнделікті өмірде газды пайдалану кезінде жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін мұржалар мен желдеткіш каналдарының құрым мен бітеліп қалудан, сондай-ақ оларды жылыту, мұржалардың ұштарының жарамдылығы және қалыпты тартымның болуын тексеру жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үйлерде тұрмыстық газ құрылғыларын қауіпсіз пайдалануды, түтін мен желдеткіш каналдарының жағдайына олардың иелері жауап беретінін еске саламыз.

Бөлмеде газдың иісі пайда болған жағдайда, газ құрылғыларын қолдануды дереу тоқтатуыңыз керек, әр құрылғы алдындағы шұмекті жауып, содан кейін терезелер мен есіктерді ашып, бөлменің барынша желдетілуін қамтамасыз етіңіз.

Жарылыс, өртті болдырмау үшін ашық отты пайдаланбаңыз, электр жарығын, электр құрылғыларын қосуға немесе өшіруге болмайды.

104 нөмірі бойынша апаттық газ қызметіне қоңырау шалыңыз.

Газ иісімен улануды болдырмау үшін желдеткіш және түтін каналдарын мерзімді тексеруден өтуі керек екенін ескертеміз:

- жылыту маусымына дейін - маусымдық жұмыс істейтін газ құрылғылары мен аппараттарының мұржалары;

- 12 айда кемінде 1 рет – кірпіштен, асбест-цементтен, қыштан жасалған мұржалар, ыстыққа төзімді бетонның арнайы блоктарынан, сондай-ақ желдету каналдары.

Газ тек онымен дұрыс қолданған кезде ғана қауіпсіз болады. Жоғарыдағы ұсынымдарды сақтаңыз. Тұрмыста газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін елемеу алдын ала күтпеген салдарға әкелуі мүмкін екенін ұмытпаңыз. Өзіңіздің өміріңізге және жақындарыңыздың өміріне қауіп төндірмеңіз!

Біздің міндетіміз – адамдарға жылу мен қуаныш сыйлау, елдің әл-ауқатын жақсарту.

Табиғи газды жеткізушілер мен тұтынушылар арасында өзара түсіністік болатынына және біздің бірлескен ынтымақтастығымыз, сіздің қауіпсіздігіңіздің кепілі болады деп үміттенеміз.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ әкімшілігі.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-25-01) «Арысқұм кенішінде мұнай жинау жүйесі. №232 ұңғымадан шығу желісі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-23-01) «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №34, 45, 57, 66 ұңғымаларынан шығу желілері» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-25-02) «Арысқұм кенішіндегі 232 ұңғыманы электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

Жарамсыз деп есептелсін

«Нұржан Ишан Ата» атындағы қайырымдылық қоры» Қоғамдық қорының ҚР Әділет министрлігінен 21.03.2006 жылы №6592-1933-ҚҚ куәлігімен тіркелген Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес облыстық мәслихат депутаты Темірхан Әлімқұловқа інісі **Әділ Әлімқұловтың** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

АЙМАҚ АЙНАСЫ: «ЖАСТАРЫМЫЗ ЖАЛЫНДЫ»

Жастар жылында «Qyzylorda» телеарнасының «Jastar time» бағдарламасы көрерменге жол тартты. Көп уақыт болмаса да оның көрілімі жоғары. Әр жұманың кешінде тікелей эфирде экранға шығатын танымдық ойын-сауық хабары бір сағатқа созылады. Онда облыста түрлі салалардың дамуына еңбек сіңіріп, дарынымен, қабілетімен және белсенділігімен көзге түсіп жүрген жастардың өмірі, жетістіктері мен оған талпынысы насихатталады. Ел игілігі жолында атқарылып жатқан сан алуан жұмыс барысы баяндалады.

Назерке САНИЯЗОВА.

– Ал «Біз де жас болғанбыз» деген айдарымызда көпті көрген, көңілге түйгені мол, аймақ дамуына қосқан үлесі қомақты, айтары бар ел ағалары өзінің жүріп өткен жолымен, жастық шақтағы естеліктерімен бөліседі. «Эксперимент» айдарында жасырын камера арқылы әртүрлі жағдайға қатысты көпшіліктің реакциясын көрсетеміз. Сонымен қатар, көше жүргіншілері арасында блиц-сауалнама ұйымдастырып, үздік әндер шеруін ұсынып отырамыз. «Бірге барайық» айдарында жастар көп жиналатын, баруға құмартатын көрікті орындарға саяхат жасаймыз, – дейді бағдарлама жүргізушісі Жұлдыз Пірмағамбет.

Жас журналист Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының артисі Қанат Архабаевпен бірге бір сағатқа жуық уақыт бойы қалың көрерменнің, оның ішінде жастар қауымының ойын сергітіп, көңілін көтеруге тырысады. Бағдарлама биылмен шектеліп қалмай, алдағы Волонтер жылының игілігін бөлісіп, осы бағытта еңбектеніп жүрген жастарды дәріптеумен жалғаспақ.

Аудиторияға 28 жыл бұрын жол тартып, үздіксіз ақпарат таратып келе жатқан аймақ айнасы бай тәжірибе, тың ізденіс һәм өзіндік қолтаңбасымен танылып үлгерді. 1991 жылы 30 сәуір күні облыстық телеарнада 30 минуттық хабар эфирге шықты. Техникалық қалыптасу кезеңінің қиындықтарына карамастан телеарна тілшілері мазмұндық сипаты көркем, тартымдылығы ерекше ұнамды, көрсетілімі ыңғайлы әрі әсерлі бағдарламалар әзірлеп, көптің көкейіндегі сауалдарға толымды үн қосып келеді. Әсіресе, «Алаштың анасы» атанған Сыр өңірін ұлттық өнердің қайнар көзі ретінде кеңінен насихаттауы көңіл қуантады. Рухани қажеттілік пен сұраныска сай келуі тиіс телеарналар жұмысының жылдам қарқынмен дамуын, қызметінің үйлесімді болуын адамдар күнбе-күн көз алдында тұрған «сиқырлы қобдиша» немесе ертеректе жиі айтылатын «көк жәшіктен» іздейді. Жай ғана іздемейді, өзі қуткен деңгейден көргісі келеді. Облыстық арнаның басты мұраты да – осы.

Бүгінде ұжымның тең жартысына жуығы – жастар. Олар ақпарат кеңістігіндегі аты-жөндері белгілі аға-апалары секілді ізденуден, мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етуден, көп үйренуден жалыққан емес. «Qyzylorda» телеарнасы директорының орынбасары Айсұлу Қасымова шығармашылық құрам биыл да жасара түскенін жеткізді.

– Білім-біліктілігін арттырып, шығармашылығын шыңдау үшін қызметкерлер семинар-тренингтер мен телевидение майталмандарының шеберлік дәрістеріне қатысып отырады. Одан бөлек, 3 жыл сайын аттестациядан өтеді. Мамандарымыздың қай-қайсысы да осал емес. Уақытпен санаспай жұмыс істеп, саланың қиындығы мен қызығын бірлесе көтеріп жүр, – дейді ол.

Облыстық арна «Qazaqstan» телекорпорациясына қарасты аймақтық телеарналар арасында алғашқы үштікте. Бұған ақпарат құралының шығармашылық құрамымен қатар, материалдық-техникалық әлеуетінің де әсері бары анық. Ұжым қазіргі күні 16/9 форматында жұмыс атқарады. Өз күшімен заманауи үлгідегі бірнеше студияны іске қосып, жаңадан декорациялар жасады. Бейнекамералардың барлығы HD форматында. Құнды дүниелерді сақтауға арналған жаңа мұрағат сервері де бар.

Телехабарлар редакциясының шеф редакторы Алтынай Молжанова Жастар жылындағы әріптестерінің жетістіктерін тілге тиек етті. Мысалы, Әсия Нұрлыбаева – жастарға арналған облыс әкімінің «Сыр үміті», Альбина Байдүйсенова Қызылорда қаласы әкімінің «Самғау» сыйлықтарына ие болды. Бекзат Есқалиев «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» шығармашылық байқауында II орын алса, Алтынай Молжанова «Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі» атты байқаудың «Үздік телехабар» аталымында жеңіске жетті.

– Телехабарларды жарыққа шығаруда жастардың жалын-жігері көп көмек. Біздің қатарымыз жыл сайын толығып отырады. Осы жылы Дәулетхан Маратұлы, Әйгерім Асқарқызы есімді інісіңлілеріміз қатарға қосылды. Өздері ұлттық арнада азды-көпті тәжірибе жинаған. Әйгерім аптаның алғашқы бес күнінде көрерменмен қауышатын «Жаңа күнді», ал Дәулетхан әр дүйсенбіде көрсетілетін «Бәйгені» тізгіндейді. Одан бөлек, Альбина Байдүйсенова, Сұлушаш Мадиярова, Әзиз Сейдалиев, Жұлдыз Пірмағамбет, Бекзат Есқалиев және Әсия Нұрлыбаева сынды жастар мақтауға тұрарлық, – дейді тәжірибелі тележурналист.

Жергілікті арна өнімі, көтерген тақырыбы халықтың көңілінен шығып жатса, шығармашылық ұжымның ұтқаны. Телехабарлардан бөлек, аймақ айнасының балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Ботақан», өнерлі жастардың талабын өрге жүздірген «Сыр жұлдыздары», дәстүрлі өнерді дәріптеуші «Жыр-керуен», Сыр бойындағы белгілі жыраулар мектебін насихаттайтын «Жырмұра» сынды өміршең жобалары бір төбе.

Ақын, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Толқын Қабылша жұмысы қауырт, тірлігі қат-қабат телеарнада 11 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Бүгінде бір емес, бес бірдей бағдарламаның жауапкершілігін көтеріп жүр. Қоғамдық мәселелерді қозғап, сан қилы тағдыр мен оқиға кейіпкерлерінің бейнесін ашып көрсететін «Өмірдің өзі» ток-шоуы аптасына екі рет, өскелең ұрпақтың поэзияға құштарлығын оятып, жыр әлеміндегі жаңа есімдерді жарыққа шығаратын «Өмір-өлең» хабары жетісіне бір көрсетіледі. «Маржан сөз», «Тіл-таным» атты бағдарламалар мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға, жастардың тіл білімін байқауға бағытталған.

– Есімін ел білетін азаматтармен әңгімелесу негізіндегі «Емен-жарқын» хабары жарыққа шыққанына көп бола қоймаса да көрермен көңілінен орын тауып үлгерді. Соның ішінде Мұрат Бақтиярұлы, Шаһизада Әбдікәрімов, Асқар Жұмаділдаев сынды ойы терең, көзқарасы орнықты ағаларымызбен ашық та еркін сұхбат сұраныска ие болды. Сыртта жүрген сырбойылықтармен жүздесу үшін еліміздің бас қалаларына барып та қайттық. Халықтың алғысы – еңбегіміздің еленгені, бізге берілген жоғары баға, – дейді хабардың авторы әрі жүргізушісі.

Эфирге шыққан дайын дүние үшін қаншама тер төгілетінін «көк жәшікке» көз тіккен көрермен біле бермейді. Сәтті кадр жасаудан бастап мәтін жазу, дыбыстау, монтаждау – тілші мен техникалық қызметкерлердің көрінбейтін еңбегі. Облыстық телеарна 30 жылға жуық уақыт ішінде талай сыннан сүрінбей, кедергілерді кесіп өтті. Ауыз толтырып айтарлықтай іс, тындырымды тірлік атқарды. Тілшілері түрлі додаларда топ жарған ұжымның шығармашылық ізденісі мұнымен шектелмек емес, керісінше заман ағымына қарай қарыштап дами түседі. Көзі қарақты көрерменді жағымды жаңалықтармен қуантып, танымдық-тәлімдік мәні бар тақырыптарды қозғауды жалғастыра бермек.

РУХАНИЯТ ҚАЗЫНАСЫ

Ұлт өнерін ұлықтаған Шолпан

Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрында Сыр сүлейлерінің жалғасы, дәстүрлі әнші, жыршы, облыстық филармонияның артисі Шолпан Биімбетованың «Жауһары жырдың жүректен» атты есепті концерті болып өтті.

Сахна шымылдығын жыршының өзі «Жыр бастауымен» ашты. Ол халық әндерін, сонымен бірге – Нұртуған, Қарасақал Ерімбет, Ешнияз сал секілді сүлейлердің мақамын нәшіне келтіре шырқады.

Шолпан көрерменіне дара келмепті. Елімізге есімдері белгілі – А.Ноғайбаева, М.Сәрсенбаева, А.Рахметов, А.Қуаңбаев сияқты дарабоз жыршылар сахна сәнін әрлеп, талғампаз тыңдарманға асыл жырдың маржанын төкті.

Өмірін домбырамен дәріптеп, өнегесін термемен төккен әнші Шолпан – ұлт өнерінің рух байрағын төмен түсірмей келе жатқан талантты жерлесіміз. Сонымен бірге, ол – өзінің соңынан шәкірт ерткен ұстаз. Осы өнер жыр мерекесінде жыраулық өнердің жампозына айналып үлгерген – Марат Сүгірбай, Нұртілек Ақтаев, Мұхамедәлі Бекпейсов секілді Шолпанның шәкірттері де жырдан шашу шашты. Әлімжан Әбсадықов, Абылайхан Скақов, Алдияр Шағдатов сынды күйшілер қос ішектің құдіретін паш етті.

Әйгілі жырау Алмас Алматовтың шәкірті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының түлегі, академиялық доценті, халықаралық, республикалық өнер додаларының жеңімпазы, «Құрмет» орденінің иегері Шолпан Биімбетованың «Ақмешіт» фольклорлық ансамблімен қосылып әуелеткен ән мен термесі сөз жоқ, жүрек тербеді, жан ырғағын әлдилеп, көңілге шуақ септі.

Жұрт кеудесіне жырдан нұр құйған Шолпанға шығармашылық шабытын шалқи берсін дейміз. Ұлт өнерін ұлықтаған еңбегін жана берсін.

«СБ» ақпарат.

«Аймақтар аламаны» ауыл ішінде

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы және 2019 жыл – Жастар жылы аясында Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен, Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Аймақтар аламаны» атты ауыл өнерпаздарының финалы жоғары деңгейде өткізілді.

Екі ай уақытта Қармақшы ауданына қарасты 14 ауылдық округ өзара бақ сынасып, 8 ауыл жартылай финалда сайысты. Жалпы, өнер фестиваліне 200-ден аса танылмай жүрген талант, ерекше дарын иелері, өнерлі өрендер жарыққа шықты. Жобаның негізгі мақсаты да осы болатын.

Ақтық додада аудан әкімінің орынбасары Жарқын Омаров қатысушы өнерпаздарға сәттілік тілеп, сөз сөйледі.

Фестивальдің финалына – Төретам кенті, Ақай, Жаңажол және Ақтөбе ауылы өнерпаздарының өнерлерін арнайы жасақталған қазылар алқасы сарапқа салды. Қазылар алқасының шешімімен бірнеше ауылдан келген әжелер ансамбльдері және жеке өнерпаздар «Ұлағат», «Шабыт», «Муза», «Ұлт құндылығы» секілді номинациялармен марапатталды.

III орынды Төретам кентінің, II орынды Ақтөбе ауылының, I орынды Ақай ауылының өнерпаздары иеленді. Ал, бас жүлдені және 300 мың теңге сыйақыны Жаңажол ауылының өнерпаздары жеңіп алды.

Осылайша, фестиваль ұлттық дәстүр, рухани ұстаным, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ауыл жастарының шығармашылығына серпіліс жасау мақсатын орындай білді.

«СБ» ақпарат.

Хабарландыру

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы 2019 жылғы 19 сәуірдегі №249-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Автомобиль көлігі туралы» Заңы 41-1 бабымен толықтырылғанын мәлімдейді.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, тасымалдаушы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеуге құқығы бар.

Бұл ретте тасымалдаушылар өтініште мыналарды көрсете отырып, ұсыну тиісті:

1) заңды немесе жеке тұлғаның атауын;

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) заңды немесе жеке тұлғаның көлік құралдарының типі, саны;

4) көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;

5) заңды немесе жеке тұлғаның орналасқан жері (облыс, қала, (кент, ауыл), көше, үй, байланыс телефондары, электрондық пошта мекен-жайы);

6) қызмет, көрсетілетін қызмет түрі.

Жоғарыдағының негізінде егерде тасымалдау қызметін тіркеу рәсімін өткізу қажет еткен жағдайда, Сіздер Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі, 24 «а» мекен-жайына хабарласуға болатынын Инспекция хабарлайды.

Байланыс телефоны: 29-00-15.

Қызылорда облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясы.

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы (20-18-03) «Оңтүстік Шығыс Дощан кенішіндегі №105 ұңғымаға кірме автожол» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекен-жайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

Сатылады

• "Мағжан и К" ЖШС күріш тұқымының Элита (258 тг) және I репродукциялы (224 тг) "Янтарь", "Лидер" сорттарын ұсынады. Тұқымдар 40 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

• "Мағжан и К" ЖШС жоңышқа тұқымының III репродукциялы "Жетісулық жергілікті" сортын ұсынады (1 кг бағасы 1200 тг). Тұқымдар 50 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

(9-5)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29435 | Тапсырыс №2034 | Кезекші редактор **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**